

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ.Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты
«Геофизика және сейсмология» кафедрасы

Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлы

Қарасор - Лисаков магниттік аномалиясын геологиялық және геофизикалық әдістермен
зерттеу және олардың негізінде магнетит кендерінің перспективалық аймақтарын анықтау

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

7М07105 – «Мұнай-газ және кен геофизикасы»

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ.Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

УДК 550.81+550.83 (043)

Қолжазба құқығында

Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлы

магистр академиялық дәрежесін алу үшін

Диссертация тақырыбы

Қарасор - Лисаков магниттік аномалиясын
геологиялық және геофизикалық әдістермен зерттеу
және олардың негізінде магнетит кендерінің
перспективалық аймақтарын анықтау


Білім беру бағдарламасы

7M07105 – Мұнай-газ және кен геофизикасы


Ғылыми жетекші,
профессор, PhD


 Тогизов К.С.
«23» маусым 2025 ж.



Рецензент
Қ.И.Сәтпаев атындағы ГФИ
аға ғылыми қызметкері, PhD
 Баратов Р.Т.
«23» 06 2025 ж.

Нормоконтроль
Техника ғыл. магистрі,
аға оқытушы

 Асирбек Н.А.
«23» 06 2025 ж.

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
«Геофизика және сейсмология»
кафедрасының меңгерушісі,
техн. ғылымдар докторы,
профессор
 Ратов Б.Т.
«23» 06 2025 ж.



Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ.Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Геофизика және сейсмология» кафедрасы

7М07105 – Мұнай-газ және кен геофизикасы

БЕКІТЕМІН

«Геофизика және сейсмология»
кафедрасының меңгерушісі,
техн. ғылымдар докторы,
профессор

Ратов Б.Т.
" 14 " 2025 ж

ТАПСЫРМА

магистрлік диссертацияны орындауға

Магистрантка: Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлына

Магистрлік диссертация тақырыбы: «Қарасор - Лисаков магниттік аномалиясын
геологиялық және геофизикалық әдістермен зерттеу және олардың негізінде магнетит
кендерінің перспективалық аймақтарын анықтау»

Университет ректорының № _____ " ____ " 20 ____ ж. бұйрығымен бекітілген.

Орындалған жұмыстың тапсыру мерзімі «25» маусым 2025 ж.

Магистрлік диссертацияның бастапқы деректері: «Қостанай облысындағы темір
кенорындары бойынша геологиялық, геофизикалық, мәтіндік және графикалық
материалдарды» – қор деректерін, сондай-ақ ашық басылымдарда жарияланған
монографиялар мен мақалалардағы мәліметтерді пайдалану.

Магистрлік диссертацияда қарастырылатын сұрақтардың тізімі:

а) зерттеу учаскесінің геолого-геофизикалық жағдайын бағалау. Жұмыс учаскесі
туралы априорлық ақпаратты жинау, талдау және жинақтау;

ә) жаңа заманауи кешенді геофизикалық зерттеулерді жоғары технологиялық
жабдықтар мен қазіргі заманғы бағдарламалық технологияларды қолдана отырып
жүргізу;

б) Жиналған геофизикалық деректерді жинақтау, сапалық талдау және Қарасор-
Лисаков магнит аномалиясы ауданының геологиялық құрылымын зерттеу мен темір
кенденуінің қосымша геофизикалық критерийлерін анықтау мақсатында геофизикалық
материалдарға кешенді интерпретация жүргізу.

Графикалық материалдар тізімі: Жұмыс презентациясынан ____ слайд ұсынылған.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1 Дымкин А.М., Щербак В.М. «Торғайдың негізгі темір кені белдеуінің
кенорындарының геологиясы».

2 Дымкин А.М. «Торғай теміркенді белдеуіндегі контактылық-метасоматикалық
темір кенорындары».

- 3 Щербак В.М. «Елтай-Қоржынкөл кенді ауданының магнетитті кенорындарының геологиялық-структуралық ерекшеліктері»
- 4 Кряжева Т.В., Досетова Г.Ж., Шынбергенова К.Т., Максютин Л.А." «Лисаков темір кендерін зерттеу».
- 5 Каскатаева К.Б., Кряжева Т.В., Садчиков А.В., Дьяконов В.В. «Лисаков кенорны рудаларының кешенді өңдеу мақсатындағы сипаттамасы» / Известия Томского политехнического университета. Инжиниринг георесурсов. 2021. Т. 332. № 5. 7–16
- 6 Поротов Г.С., Веселов Е.В. «Кешенді магнетит кендерін зерттеу әдістемесі», 1974 ж.
- 7 Антонов Ю.В. «Мұғалжар мен Торғай ойысының магнетит пен хромит кенорындарының орналасу және пайда болу заңдылықтары.»
- 8 Иванов С.Н., Дымкин А.М. «Жайық сыртының темір рудасы формациялары. Торғай ойысының Орталық және Оңтүстік бөліктері», 1988 ж

Магистрлік диссертацияны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескертулер
Ауданның геологиялық сипаттамасы	20.01.2025	жоқ
Зерттеліп жатқан ауданның геолого-геофизикалық сипаттамасы	15.04.2025	жоқ
Геологиялық құрылымдардың петрофизикалық сипаттамасы	28.04.2025	жоқ
Геофизикалық жұмыстардың нәтижелері	14.05.2025	жоқ
Жұмыстардың әдістемесі және интерпретациялау критерийлері	28.05.2025	жоқ

Магистрлік диссертацияның аяқталған нұсқасына тиісті бөлімдерін көрсете отырып, кеңесшілер мен нормабақылаушы қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Ауданның геологиялық сипаттамасы	Ғылыми жетекші, профессор, PhD К.С. Тогизов	20.01.2025	К. Тогизов
Геологиялық құрылымдардың петрофизикалық сипаттамасы	Ғылыми жетекші, профессор, PhD К.С. Тогизов	15.04.2025	К. Тогизов
Геологиялық құрылымдардың петрофизикалық сипаттамасы	Ғылыми жетекші, профессор, PhD К.С. Тогизов	28.04.2025	К. Тогизов
Геофизикалық жұмыстардың нәтижелері	Ғылыми жетекші, профессор, PhD К.С. Тогизов	14.05.2025	К. Тогизов
Нормоконтролер	Техника ғыл. магистрі, аға оқытушы Н.А. Асирбек	23.06.2025	Н.А. Асирбек

Ғылыми жетекші

К. Тогизов

Тогизов К.С.

Тапсырманы орындауға магистрант қабылдады

Н. Жұмабай

Т.А.Ә.

Жұмабай Н.Ж..

Мерзімі

«23» маусым 2025 ж

Т.А.Ә.

АНДАТПА

Диссертациялық жұмыста Қарасор-Лисаков магниттік аномалиясы аумағындағы магнетит типтес темір кендерінің болашағын бағалау мақсатында жүргізілген геолого-геофизикалық зерттеулердің нәтижелері қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – осы аймақтағы магниттік ауытқулардың сипатын анықтау, рудалы қабаттардың тереңдігін нақтылап оқшаулау, темірдің болжамды құрамын бағалау және кен денелерінің кеңістіктік таралуын айқындау болды. Бұл үшін ұңғымалар маңындағы және олардың арасындағы кеңістіктер зерттеліп, кеннің кеңістіктік орналасу заңдылықтары анықталды. Жұмыста магниттік, гравиметриялық түсіру мәліметтері, бұрғылау және сынама алу деректері қамтылған кешенді геолого-геофизикалық талдау жүргізілді. Зерттеу барысында темір кенденуімен байланысты құрылымдық элементтер мен геофизикалық ауытқуларға ерекше назар аударылды. Аталған зерттеу нәтижелері темір кенорындарының кеңістіктік орналасу заңдылықтарын түсінуді тереңдетуге және олармен байланысты геологиялық құрылымдарды нақтылауға мүмкіндік береді. Жұмыс қорытындысы бойынша әрі қарай іздеу және барлау үшін перспективалы учаскелер бөлініп алынды. Бұл мәліметтер Қарасор-Лисаков аномалиясы аумағында жүргізілетін геологиялық-іздістіру жұмыстарын оңтайландыруға және Қазақстандағы темір кен ресурстарын тиімді игеруге негіз бола алады.

АННОТАЦИЯ

В диссертационной работе рассматриваются результаты геолого-геофизических исследований, проведённых с целью оценки перспектив магнетитового типа железных руд в районе Карасор-Лисаковской магнитной аномалии. Основной целью исследования является определение характера магнитных аномалий в данном регионе, уточнение и локализация глубин рудоносных интервалов, прогнозная оценка содержания железа, а также выявление пространственного распространения рудных тел. Для достижения этих целей были исследованы участки вокруг скважин и между ними, что позволило установить закономерности пространственного размещения руд. В работе проведён комплексный геолого-геофизический анализ с использованием данных магнитной и гравиметрической съёмки, а также сведений по бурению и опробованию. Особое внимание в исследовании уделено структурным элементам и геофизическим аномалиям, связанным с железорудной минерализацией. Полученные результаты способствуют более глубокому пониманию закономерностей пространственного размещения месторождений железных руд и уточнению связанных с ними геологических структур. По итогам работы были выделены наиболее перспективные участки для последующих поисково-разведочных работ. Полученные данные могут служить основой для оптимизации геолого-поисковых мероприятий в районе Карасор-Лисаковской магнитной аномалии и способствовать более эффективному освоению железорудных ресурсов Казахстана.

ABSTRACT

The dissertation presents the results of geological and geophysical studies conducted to assess the prospects of magnetite-type iron ore deposits in the Karasor-Lisakov magnetic anomaly area. The main objective of the research is to determine the nature of magnetic anomalies in the region, to refine and localize the depths of ore-bearing intervals, to provide a preliminary assessment of iron content, and to identify the spatial distribution of ore bodies. To achieve these goals, areas around and between boreholes were investigated, allowing the spatial distribution patterns of the ore to be established. A comprehensive geological and geophysical analysis was carried out using data from magnetic and gravimetric surveys, as well as drilling and sampling results. Special attention was paid to structural features and geophysical anomalies associated with iron ore mineralization. The findings contribute to a deeper understanding of the spatial distribution of iron ore deposits and allow for the refinement of related geological structures. Based on the results of the study, the most promising areas for further exploration and prospecting were identified. The obtained data can serve as a basis for optimizing geological exploration activities in the Karasor-Lisakov magnetic anomaly area and support more efficient development of Kazakhstan's iron ore resources.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	10
1 Зерттеу ауданы туралы жалпы мәліметтер	13
1.1 Кенорын орналасқан ауданның климаты және табиғи ерекшеліктері	13
1.2 Ауданның геологиялық және геофизикалық зерттелу дәрежесі	14
1.3 Ауданның геологиялық құрылымы туралы қысқаша мәліметтер	17
1.4 Геологиялық құрылысы. Қарасор-Лисаков кенді торабының жекелеген учаскелері	21
1.5 Ауданның құрылымдық ерекшеліктері	24
2 Қарасор-Лисаков кен торабының барлық кенорындары.	26
2.1 Солтүстік Лисаков кенорны	26
2.1.1 Солтүстік Лисаков кенорны – 1	26
2.1.2 Солтүстік Лисаков кенорны – 2	27
2.1.3 Солтүстік Лисаков кенорны – 3	27
2.1.4 Солтүстік Лисаков кенорны – 4	28
2.1.5 Солтүстік Лисаков кенорны – 5	29
2.1.6 Солтүстік Лисаков кенорны – 6	29
2.1.7 Солтүстік Лисаков кенорны – 7	32
2.2 Лисаков кен көрінісі	34
2.3 Оңтүстік Лисаков кен көрінісі	36
2.4 Қарасор кенорны	37
3 Зерттеу ауданында жүргізілген геофизикалық жұмыстар әдістемесі мен интерпретациялау әдістемесі	45
3.1 Геофизикалық жұмыстардың міндеттері	45
3.2 Геофизикалық зерттеулердің әдістемесі мен техникасы	45
3.3 Геофизикалық әдістерді интерпретациялау әдістемесі	46
3.4 Электрөткізгіштік аномалиясы	48
4 Қарасор-Лисаков кенді ауданының петрофизикалық сипаттамалары	51
5 Геофизикалық жұмыстардың нәтижелері	55
6 Қарасор-Лисаков кенді ауданының және іргелес аудандардың перспективалары	70
Қорытынды	73
Пайданылған әдебиеттер тізімі	74
Қосымша А	
Қосымша Б	
Ғылыми еңбектер тізімі	

КІРІСПЕ

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы: «Қарасор - Лисаков магниттік аномалиясын геологиялық және геофизикалық әдістермен зерттеу және олардың негізінде магнетит кендерінің перспективалық аймақтарын анықтау».

Зерттеу мақсаты. Геологиялық-геофизикалық мәліметтерді талдау негізінде Карасор-Лисаков магниттік аномалия шегіндегі магнетит кендерінің перспективалық аймақтарын анықтау.

Зерттеу міндеттері.

1. Зерттеу учаскесінің геологиялық-геофизикалық зерттелу жағдайын бағалау. Жұмыс учаскесінің априорлық ақпаратын жинау, талдау және жалпылау;

2. Жоғары технологиялық жабдықтар мен заманауи бағдарламалық технологияларды пайдалана отырып, жаңа кешенді геофизикалық зерттеулерді қолдану;

3. Бағдарламалардың қазіргі заманғы мамандандырылған кешендерін пайдалана отырып, геофизикалық деректерді сандық және сапалық интерпретациялау, сондай-ақ геологиялық интерпретация, оның ішінде: геологиялық объектілерді бөлу, учаске аумағының геологиялық құрылымы туралы түсініктерді кеңейту және нақтылау;

4. Кешенді геофизикалық деректерді қолдану негізінде зерттеу нәтижелері.

Өзектілігі.

Қазіргі таңда, магнетит кендеріне өнеркәсіптік сұраныс артып келеді. Бүгінгі таңда әлемдегі темір рудасының жетекші қорын ұстаушылар, өндірушілер және экспорттаушылар Бразилия мен Австралия болып табылады. Қазақстан өндіру бойынша сегізінші, ал темір рудасының қоры бойынша оныншы орында.

Темір рудасының импорты мен экспортын талдау негізінде біз соңғы он жылда әлемдік темір рудасының экспорты 43%-ға өскенін байқаймыз, бұл темір рудасына сұранысты көрсетеді.

Қазақстанның жер қойнауында пайдалы қазбалардың 90-нан астам түрі бар, бұл елдің ерекше қолайлы аумақтық орналасуына байланысты, оның құрамына сан алуан геологиялық құрылымдар, ежелгі архей түзілімдерінен бастап төрттік дәуірдің жас шөгінділеріне дейін ұзақ қалыптасу кезеңі бар тау жыныстары жатады. Солтүстік Қазақстан – еліміздің негізгі темір кенді аймағы. Мұндағы шикізат базасы жоғары сапалы магнетит кендерімен және қоңыр темір рудаларының үлкен жинақтарымен ұсынылған.

Темір өндіру бойынша көшбасшы Солтүстік Қазақстан болып табылады, онда темір рудасы Соколов, Сарыбай, Қашар және басқа скарн-магнетит кенорындары мен Лисаков қоңыр темір кенорны өндіріледі.

Зерттеу объектісі - Карасор-Лисаков магниттік аномалиясы. Мұндағы ірі нысандардың бірі Лисаков кенорны болып табылады. Рудалары

магнетитті, солтүстік және солтүстік-батыс учаскелерінде тамырлы, ал оңтүстігінде массивті. Негізгі кен минералы – магнетит, азы – пирит пен халькопирит.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қазақстанның экономикалық болашағы үшін темір рудасының шикізат базасын кеңейтуге мүмкіндік беретін перспективалық бағыттарды анықтау өте *өзекті* болып табылады.

Зерттеу нысаны: Қарасор-Лисаков магниттік аномалиясы аймағы

Нақты материал. Жұмыс негізіне Солтүстік Қазақстан геолого-геофизикалық компанияларының өндірістік есептерінен алынған қор деректері, Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі Геология институты мен Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің пайдалы қазбалар аудандарының литосферасының терең құрылымы мен геодинамикасын зерттеу жөніндегі негіздемелі және қолданбалы зерттеулерінен алынған деректер, сондай-ақ зерттеуші тарапынан зерттеулер жүргізу кезінде жиналған мәліметтер енгізілген.

Зерттеу жүргізу әдістемесі. Құрылымдық талдау барысында терең құрылымдарды кешенді геолого-геофизикалық модельдеу басты орын алады, бұл геофизикалық потенциалды өрістер әдістерін зерттеу негізінде жүзеге асырылады. Геолого-геофизикалық кескіндерде бейнеленген терең құрылымдарды қалпына келтіру үшін бастапқы дерек ретінде қайта есептелген петрофизикалық мәліметтер мен нақты өлшенген гравиметриялық және магнитометриялық өрістермен түзетілген тығыздық кескіндері қолданылған. Бұл процесс қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар мен тікелей және кері есептерді шешу әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асырылды.

Ғылыми жаңалығы.

1. Қарасор-Лисаков магниттік аномалиясы аумағында геологиялық және геофизикалық әдістерді кешенді қолдану нәтижесінде терең құрылымдардың жаңа сипаттамалары анықталды. Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы болып табылады, өйткені зерттеушілер бұрын анықталмаған геофизикалық аномалияларды анықтап, кен денелерінің кеңістіктік орналасуын нақтылауға мүмкіндік берді.

2. Магниттік және гравиметриялық мәліметтерді кешенді талдау негізінде магнетит кендерінің жаңа перспективалық аймақтары айқындалды. Бұл әдіс магнетит кендерін іздеудегі дәстүрлі тәсілдермен салыстырғанда тиімдірек және дәл болжам жасауға мүмкіндік береді.

Практикалық маңыздылығы.

1. Алынған нәтижелер Қарасор-Лисаков магниттік аномалиясы аумағындағы темір кенорындарын тиімді игеру үшін негіз бола алады. Геологиялық және геофизикалық зерттеулердің нәтижелері болашақта тереңде жатқан кендерді іздеуге және барлауға арналған бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді.

2. Жаңа іздеу алаңдарын бөліп алу және кенорындарының геологиялық құрылымдарын тереңірек түсіну Қазақстанның темір кендерінің ресурстарын

тиімді пайдалану үшін маңызды қадам болып табылады. Бұл зерттеу болашақтағы барлау және өндіру жұмыстарын оңтайландыруға ықпал етеді.

Автордың жеке үлесі: Әртүрлі геологиялық формацияларды құрайтын тау жыныстарының физикалық қасиеттері жөніндегі деректер жинақталып, жүйеленіп, талданды. Геофизикалық өрістердің сапасы бағаланып, оларды талдау жұмыстары жүргізілді. Геофизикалық және геологиялық деректер негізінде терең құрылымдарды модельдеу жұмысы жасалып, оған гравитациялық және магниттік өрістердің интерпретациясы кірді.

Публикациялар. Магистратурада оқу кезеңінде диссертация тақырыбы бойынша 1 ғылыми жұмыс жарияланды, сондай-ақ «Satbayev International Conference 2025: Инженерлік және өндірістік жүйелерде жасанды интеллект: процестерді оңтайландыру және автоматтандыру шешімдері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысты.

Ғылыми жетекші: Тогизов Қуаныш Серикханович, профессор, PhD докторы, оған диссертант ғылыми зерттеулерге көрсеткен көмегі үшін алғыс білдіреді.

Магистрлік диссертация 79 бет мәтіннен тұрады, оның ішінде 4 кесте мен 27 сурет бар.

1 Зерттеу ауданы туралы жалпы мәліметтер

1.1 Зерттеу ауданы орналасқан аумақтың климаты және табиғи ерекшеліктері

Зерттеу ауданы Қостанай облысы, Таранов ауданында орналасқан. Қарасор-Лисаков магниттік аномалиялар тобы Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинаты жүйесінде жұмыс істейтін Қоржынкөл кенішінен оңтүстік-батысқа қарай 10-15 км жерде орналасқан. Ал Қостанай қаласынан 140 км жерде орналасқан.

Ең ірі елді мекендері Лисаков қаласы, Тобыл вокзалы, ауыл. атындағы Краснооктябрь боксит өндіру басқармасының Октябрь базасы. Белинский ауылы.



1-сурет – Шолу картасы

50-жылдары қоры жағынан шағын (3,7 млн т) Мартит кендерінің Козырев кенорны ішінара өндіріліп, мартит кенінің қоры 1,9 млн т Елтай кенорны жартылай игерілді.

1983 жылдан бастап Қоржынкөл аймағындағы ең ірі магнетит кенорны өндірілді, оның қоры С₁ санатындағы қоры 150,5 млн тонна көлемінде Мемлекеттік қорлар комитетімен бекітілген. Кеніштің жобалық қуаты жылына 3,0 млн тоннаны құрайды. 1990 жылдың 1 қаңтарына 8,2 млн. тонна руда, карьер тереңдігі 180 м.

Осылайша, қазіргі уақытта жұмыс аймағы кең көлік желісімен және салыстырмалы түрде тығыз қоныстанған экономикалық тұрғыдан дамыған.

Орографиялық жағынан жұмыс жүргізілетін аудан солтүстіктен оңтүстікке қарай төмендейтін, абсолютті биіктік белгілері 180-290 м болатын әлсіз толқынды жазықтықты құрайды. Учаске аумағында биіктік айырмашылығы 20 метрден аспайды. Тобыл-Аят өзенінің саласы Воронин учаскесі арқылы ағып өтеді. Жұмыс учаскелерінде қар еруі мен атмосфералық жауын-шашын есебінен қоректенетін Қарасор, Құлықкөл көлдері бар.

Аумақтың климаты күрт континенттік сипатқа ие, жазда жиі шаңды дауылдар, ал қыста қарлы борандар, бұрқасындар және күшті желдер болады.

Ауданның өсімдіктері негізінен дала өсімдіктерінен тұрады. Ландшафт көптүрлі шөпті шабындық және бетегелі дала түрінде көрінеді. Көл жағалауларында қамыс пен қияқ өседі. Далалық аймақтардың едәуір бөлігі жыртылған және ауылшаруашылық алқаптары ретінде пайдаланылады. Территорияның бір бөлігі жайылым ретінде қолданылады.

1.2 Ауданның геологиялық және геофизикалық зерттелу дәрежесі

1950 жылдардың басында 1:100000 масштабтағы жерүсті магниттік түсірілімдер мен ұсақ масштабты геологиялық және профильді кешенді геофизикалық түсірілімдер нәтижесінде магнит өрістерінің жоғарылауына тән субмеридионалды жолақ анықталды, ол кейіннен басты темір кенді жолағы немесе Қостанай темір кенді аймағы деп аталды.

Осы уақытта аталмыш жолағының алғашқы темір кенорындары – Қоржынкөл және Козырев анықталды, сондай-ақ бірқатар магниттік ауытқулардың кенді табиғаты белгіленді.

1948 жылы ұсақ масштабты геологиялық картаның жариялануынан кейін Тұран ойысының орталық және оңтүстік бөліктерінің геологиясы бойынша алғашқы жинақ дайындалды. 1949 жылы оолитті темір кендерінің Лисаков кенорны ашылып, Соколов және Сарыбай магниттік ауытқуларын барлау жұмыстары басталды.

1953 жылы Қостанай геологиялық барлау тресі 1:200000 масштабтағы мемлекеттік полистті түсірілімдерді бастады.

1962 жылы Солтүстік Қазақстан геологиялық басқармасы Лисаков және Қарасор учаскелері орналасқан Т-107, А-Б, В, Г парақтарында геологиялық

түсірілім жүргізді, сондай-ақ Солтүстік Елтай учаскесі орналасқан Т-96, А-В парағында жұмыстар атқарылды.

1950-60 жылдары 1:25000 масштабтағы детальды геофизикалық жұмыстар және қарқынды ауытқуларда 1:2000-1:10000 масштабтағы түсірілімдер жүргізіліп, соңғы нәтижелер бұрғылау арқылы тексерілгеннен кейін қазіргі уақытта белгілі барлық темір кенорындары ашылды.

1949-1956 жылдары Қоржынкөл кенорнында геологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп, В+С₁ санаты бойынша 76,21 млн тонна магнетит кендерінің қоры бекітілді.

Детальды барлау аяқталғаннан кейін, қорлар С₁ санаты бойынша – 150,5 млн тонна, С₂ санаты бойынша – 51,9 млн тонна көлемінде бекітілді. 1982 жылы кенорнын пайдалану басталды, бірақ кен аймағының құрылымы күрделі болып шыққандықтан қосымша барлау жұмыстары жүргізілді. Кенорнын қосымша барлау жұмыстары 1984-1990 жылдар аралығында жүргізілді және кен денелерінің морфологиясын нақтылаумен қатар, кен аймағын технологиялық карталау, рудалардың кешенділігін зерттеу және бағалау мәселелері шешілді. Қосымша барлау материалдары бойынша баланстық қорлар қайта есептелді: С₁ санаты бойынша – 126,86 млн тонна, С₂ санаты бойынша – 62,97 млн тонна. Кен аймағының құрылымын нақтылаудан кейін жалпы қорлардың көлемі айтарлықтай өзгерген жоқ.

1949-1956 жылдар аралығында Қоржынкөл кенорнында геологиялық барлау жұмыстарымен қатар, Солтүстік Лисаков магниттік ауытқуы бойынша алғашқы іздеу ұңғымалары бұрғыланды, олардың тереңдігі 300-350 м жетті. Анықталған кенді аймақ аз қалыңдықты, кедей желілі кендермен құрылған, олардың қоры С₂ санаты бойынша 8,1 млн тонна көлемінде бағаланды.

Солтүстік Лисаков учаскесінің кендері өнеркәсіптік қызығушылық тудырмайды деген қорытынды ұзақ уақыт бойы кен көрінісін әрі қарай зерттеуді тоқтатты.

1949-1954 жылдар аралығында олигоцен дәуіріне жататын оолитті және гидрогетитті кендердің Лисаков кенорны барланды.

1950 жылдары Козырев және Елтай мартитті және магнититті кенорындары барланды, ал 1960 жылдардың басында бұл кенорындары толығымен игерілді. Осы кезеңде детальды магниттік және гравиметриялық түсірілімдер 1:2000-1:10000 масштабта дамыды, сондай-ақ магнит өрістерінің сандық және сапалық қайта интерпретациясы жүргізілді. 1959 жылдан бастап Тұран геофизикалық экспедициясы радиогодезиялық байлаудағы 1:10000 және 1:25000 масштабтағы детальды аэро-магниттік түсірілімдер жүргізді.

Осы жұмыстарды жүргізу барысында Копоткин, Степное, Солтүстік-Увальнен және Козырев пен Елтай кенорындарының маңындағы басқа да бірқатар магниттік ауытқулар анықталды.

Геофизикалық жұмыстардың неғұрлым жетілдірілген деңгейде жүргізілуі Қоржынкөл кенорнының болжамдарын айтарлықтай кеңейтті, «көлеңкелі» кен көріністері мен ауытқулардың перспективаларын арттырды және олардың рудалық табиғатын тексеру үшін жаңадан анықталған

гравимагниттік ауытқуларда бұрғылау жұмыстарын жүргізуге ынталандырды.

1960 жылы Копоткин магниттік ауытқуының іздеу жұмыстары нәтижесінде 50 млн тонна қорымен Копоткин темір кенорны ашылды.

1978-1980 жылдар аралығында кенорнында жүргізілген алдын ала барлау жұмыстары кенорнының бастапқы бағасын айтарлықтай өзгертпеді. Кен қорлары С₁ санаты бойынша 56,7 млн тонна мөлшерінде бағаланды. Айта кету керек, кенорны тереңдігі бойынша жеткілікті дәрежеде зерттелмеген, созылу бағыты бойынша шекараланбаған және ашылған кендер магнит өрісінің толық өтелмеуін көрсетті. Копоткин кенорнының болжамды бағасы 90 млн тонна көлемінде шынайы болып қала береді.

1967-1969 жылдары Лисаков учаскесінде тік зондтау нұсқасындағы Жасанды магниттеу әдісі жұмыстары нәтижесінде екіншілік магниттік өріс ауытқулары анықталды. 1967-1973 жылдары Солтүстік Лисаков кен көрінісінің оңтүстік бөлігінде іздеу жұмыстары барысында кедей желілі-ендірмелі кендермен қатар, жалпы қалыңдығы 110 м болатын тығыз кендер де 500 м тереңдікке дейін анықталды. Карасор ауытқуын тексеру кезінде сирек кездесетін кедей желілі кендену ғана табылғанына қарамастан, кейінірек анықталған тік құлайтын кен денелерімен байланысты айтарлықтай бүйірлік ауытқу тіркелді.

Карасор-Лисаков магниттік ауытқулар тобындағы іздеу жұмыстарының соңғы кезеңі 1987-1991 жылдары ЖМӘ әдістерінің оң нәтижелеріне және магниттік өрісті сандық қайта интерпретациялауға негізделе отырып жүргізілді. ЖМӘ әдістері палеозойлық іргетас бетіне проекцияланған қоздырушы объектінің таралу контурларын, оның тереңдікке батуын және шамаланған қорларын анықтауға мүмкіндік берді.

70-жылдары бұрғылау жұмыстары Солтүстік-Степной, Солтүстік-Қоржынкөл және Солтүстік-Увальнен ауытқуларының кендік табиғатын растады. Қожай гравимагниттік ауытқуын тексеру барысында 1000 м тереңдікте қалыңдығы 100 м-ден асатын бай магнетитті кендер анықталды.

1950 жылдан бастап ауданда боксит кенорындары ашылып, барланды: Козырев тобы (Жоғарғы-Тобыл, Қамыс, Новоильинов), Белин, Аят, Шығыс-Аят. Қазіргі уақытта Козырев тобының кенорындары толығымен игерілді, ал Аят және Белин кенорындарын игеру жалғасуда.

Аудандағы іздеу және барлау жұмыстары геологиялық түсірілімдермен қатар жүргізілді.

50-жылдардың басында 1:200000 масштабтағы геологиялық түсірілімдер жүргізілді: №-41-XXXII (шығыс жартысы) және №-41-XXXIII (оңтүстік жартысы) парақтары қамтылды. 1957 жылдан бастап 1:50000 масштабтағы планшеттік карталау жұмыстары басталды. Осы масштабтағы түсіріліммен №-41-126-А-Б-В-Г парақтарының аумағы қамтылды, бұл аумақта магнетит және боксит кенорындарының басым бөлігі орналасқан.

1968-1971 жылдары Карасор-Лисаков учаскесінің оңтүстігі мен оңтүстік-батысына тікелей жанасатын №-41-125-Г және №-41-138 парақтарының аумағы түсірілді.

1.3 Ауданның геологиялық құрылымы туралы қысқаша мәліметтер

Аймақтық жоспарда Елтай-Қоржынкөл кенді ауданы Валерьянов құрылымдық-формациялық аймағында орналасқан. Аталған аймақ келтірілген карта шегінде негізінен тас көмір шөгінділерінен түзілген. Елтай-Қоржынкөл кенді ауданының (тек оның оңтүстік бөлігі қарастырылады) алаңындағы стратиграфиялық жіктеу сызбасына сәйкес төменгі тас көмір шөгінділері келесі бөлімшелерге бөлінеді:

1. Жоғарғы турней-төменгі визейлік кіші ярустар ($C_{1t2}-V_1$);
2. Орта визейлік кіші ярус. Сарыбай свитасы ($C_1 \text{ Sar}$);
3. Орта-жоғарғы визейлік кіші ярус. Соколов свитасы ($C_1 \text{ Sok}$);
4. Жоғарғы визейлік кіші ярус. Давыдов свитасы ($C_1 \text{ dav}$);
5. Серпухов ярусы. Андреев свитасы ($C_1 \text{ an}$).

Андреев свитасы кейбір учаскелерде литологиялық құрамымен ерекшеленетін пачкаларға бөлінеді (an_1, an_2, an_3).

Жоғарғы турней-төменгі визейлік кіші ярустың шөгінділері ауданның шығыс және оңтүстік бөліктерінде дамыған. Олар сұр және қара-сұр әктас, құмтас, алевролит және аргиллит қабаттарының жиі алмасуымен сипатталады. Аталған шөгінділердің қалыңдығы аудан шегінде 900 м деп бағаланады. Шөгінділер фаунамен сипатталады.

Сарыбай свитасы. Орта визей уақыты бүкіл Валерьянов аймағында жанартау белсенділігінің қарқынды көрініс беруімен ерекшеленді. Сарыбай свитасының шөгінділері сипатталып отырған ауданда кеңінен дамыған. Сонымен қатар, свитаның әртүрлі учаскелеріндегі жыныстық құрамы өте алуан түрлі. Шөгінділер жасыл және шие-қоңыр түсті андезитті, андезит-базальтты порфириттермен және олардың туфтарымен, вулканомиктті және полимиктті құмтастармен, негізінен қызыл түсті алевролиттермен және аргиллиттермен ұсынылған. Әктас қабаттары мен линзалары да кездеседі, кейде орта визей кезеңіне жатқызуға мүмкіндік беретін фаунаны қамтиды. Сарыбай свитасының шөгінділерінің қалыңдығы 1500 м деп қабылданады.

Соколов свитасы. Қиманың төменгі бөлігі негізінен әктастардан тұрады, порфириттердің (орта және орта-негізгі құрамды), туфтардың, туффиттердің және басқа шөгінді жыныстардың қабаттары мен линзалары кездеседі. Свитаның төменгі бөлігінің қалыңдығы 400-500 м құрайды. Свитаның орта бөлігі, қалыңдығы 1200 м-ге дейін жетеді, негізінен жанартаутекті түзілімдерден тұрады — андезитті және андезит-базальтты порфириттер, олардың туфтары, әктас туффиттері, қызыл түсті туффы құмтастар, туффы алевролиттер әктастар мен ангидриттердің қабаттары мен

линзаларымен (Копоткин кенорны) бірге. Осы қиманың құрамында диориттік, кварцтық және кварц құрамдас диориттік порфириттердің субжанартаулық денелері орналасқан. Свитаның жоғарғы бөлігі ауданның кейбір учаскелерінде де әктастардан түзілген. Олардың қалыңдығы 300 м-ге дейін жетеді.

Давыдов свитасы. Давыдов свитасы ауданда кең таралмаған және, шамасы, негізінен Сарыбай свитасының жыныстары таралған учаскелерде кварцты порфириттердің субжанартаулық денелерімен ұсынылған. Ауданның солтүстік-батыс бөлігінде қышқыл құрамды жыныстар кішігірім антиклинальдық қатпардың ядросында шығады. Андреев свитасының төменгі пачкасының шөгінділері кварцты және дацитті порфирлермен, альбитофирлермен, олардың туфтарымен және жеке туффы құмтастар мен туффы конгломераттардың қабаттарымен сипатталады.

Андреев свитасы. Бұл свитаның шөгінділері сипатталып отырған ауданның солтүстік-батыс, оңтүстік-батыс, солтүстік және шығыс бөліктерінде кең таралған. Қиманың төменгі бөлігінде (төменгі пачка) туффы конгломераттар, туффы гравелиттер, туффы құмтастар және алевролиттер гравелиттер мен әктастардың қабаттарымен кездеседі. Андезит-базальтты порфириттермен, олардың туфтары мен вулканомиктті және туффогенді құмтастар мен конгломераттардың қабаттарымен бірге лав ағындары мен жабындары байқалады. Жыныстардың түсі негізінен шие-қоңыр болып келеді. Свитаның қалыңдығы дәл анықталмаған, шамамен 900-950 м деп қабылданады.

Мезозой және кайнозой шөгінділері ауданның бүкіл аумағында дерлік қатпарлы іргетас жыныстарын жабады. Ең көне мезозой түзілімдеріне қалыңдығы 0,5-тен 5 м-ге дейін, ал тектоникалық бұзылу аймақтарында 100-150 м-ге дейін жететін үгілу қабықтары жатады. Қабықтың түзілу уақыты триастан бор кезеңіне дейін деп қабылданады. Бор кезеңінің шөгінділері континенттік және теңіздік түзілімдермен ұсынылған. Теңіздік түзілімдер сипатталып отырған ауданның солтүстігінде орналасқан және олармен аят типіндегі оолиттік кенорындары байланысты. Бор кезеңінің континенттік шөгінділері палеозойлық іргетастағы карсттық және карст-эрозиялық ойыстарды толтырады, негізінен карбонатты және алюмосиликатты жыныстардың түйіскен жерінде дамыған. Бұл шөгінділер ала-құла түсті және бокситті саздармен, боксит қабаттарымен ұсынылған, кейде мартит сынықтары кездеседі, олар боксит және қайта қойылған мартитті кенорындарын құрайды. Бор шөгінділерінің қалыңдығы алғашқы метрлерден бастап жеке ойыстарда 100-200 м-ге дейін жетеді.

Кайнозой түзілімдері де теңіздік және континенттік шөгінділермен ұсынылған. Олардың арасында орта-жоғарғы эоцендік опоктар, глауконит-кварцты құмдар мен құмтастар, жоғарғы эоцен-төменгі олигоцендік зәйтүн-жасыл саздар, орта және жоғарғы олигоцендік құмтастар мен саздар ерекшеленеді. Бұл шөгінділердің қалыңдығы алғашқы метрлерден 70-100 м-ге дейін жетеді. Сипатталып отырған аудан аумағында оолиттік лисаков типті

рудалар мен шашыранды титан-цирконий рудаларының кенорындары осы түзілімдермен байланысты.

Елтай-Қоржынкөл кенді ауданының оңтүстік бөлігінің магмалық жыныстары Соколов-Сарыбай жанартаулық-плутоникалық кешенінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қалыптасу тереңдігіне қарай олар гипабиссальды (диориттер, кварцталған диориттер, кварцты диориттер, гранодиориттер), субжанартаулық (диоритті порфириттер, кварцқұрамды және кварцты диоритті порфириттер) және дайкалық (диабазды порфириттер, лампрофирлер, диоритті порфириттер және плагиогранит-порфирлер) фацияларға бөлінеді.

Гипабиссальды фацияның жыныстары сипатталып отырған ауданда кеңінен дамыған. Палеозойлық іргетас қимасында интрузиялар изометриялық, дұрыс емес сопақ және субмеридионалды бағытта созылған пішінге ие. Олардың өлшемдері 4x8 км-ге дейін жетеді. Интрузиялар әлсіз дифференциацияланған және бір немесе бірнеше интрузивтік фазалардың жыныстарымен қалыптасқан. Интрузиялар айналасында (Иманов, Қарасор, Жамбаскөл интрузиялары) құрамдас жыныстарда ороговиктену, қайта кристалдану және скарнирлеу процестері байқалады.

Интрузиялардың жасы варисций кезеңіне жатады: абсолюттік жасы 286-354 млн жыл деп анықталған. Сипатталып отырған интрузиялардың малта тастары C_2 - C_3 конгломераттарында кездеседі.

Субжанартаулық фацияның жыныстары орта-жоғарғы визейлік және серпуховтық кезеңнің шөгінділері арасында кеңінен таралған. Олар негізінен диоритті, кварцқұрамды және кварцты диоритті порфириттермен ұсынылған, кейде толық кристалданған, бірақ әлсіз кристалданған порфирлі диориттерге, кварцқұрамды және кварцты диориттерге ауысады. Диоритті құрамдағы жоғарыда аталған жыныстардан басқа, кенорындарында субжанартаулық қышқыл және орташа-қышқыл құрамды жыныстар — кварцты және дацитті порфирлер де байқалады. Олардың жасы диоритті порфириттерден ежелгі болып табылады.

Дайкалық фацияның жыныстары Елтай-Күржункөл кенді ауданында көрініс тапқан. Олардың ішінде ең кең таралғаны — плагиогранит-порфирлермен ұсынылған жолай кешенінің дайкалық жыныстары. Магнетитті кенорындарында және кен көріністерінде диабазды порфириттердің дайкалары жиі, ал лампрофирлер сирек кездеседі. Бұл әдетте қалыңдығы аз (1-8 м), тік жататын, көбінесе субендік бағыттағы денелер болып табылады.

Жалпы алғанда, Валерьянов жанартаулық белдеуінің магматизмі бірізді дифференциацияланған андезиттік немесе андезит-базальттық формацияға жатады және заманауи аралдық доғалардың жанартаулық түзілімдерімен салыстырылады. Соңғы кездері Валерьянов жанартаулық белдеуінің магматиттері құрамында жоғары сілтілік бар континенттік толеиттік магмалардың туындыларына көбірек ұқсас деген пікірлер пайда болды. Олар жас эпикаледондық платформалардың рифтогенез жағдайында қалыптасқан

платформа авлакогендерінің базальт-андезиттік формациясымен салыстырылады.

Елтай-Қоржынкөл ауданының физикалық өрісінің сипаты солтүстікте орналасқан Соколов-Сарбай ауданынан айтарлықтай ерекшеленеді. Ауданға тән ерекшелік — гравитациялық өрістің айқын төмендеуі. Валерьянов құрылымдық-формациялық аймағын шектейтін қарқынды максимумдар мен сызықтық градиент зоналары мұнда байқалмайды. Өріс мозаикалық құрылымға ие, бірқалыпты өзгерістермен және әлсіз изометриялық жергілікті оң және теріс ауытқулардың бөлінуімен сипатталады.

Магнит өрісінің мәндері де айтарлықтай төмендеген. Жеке жергілікті магниттік ауытқулар, мәндері 1500-2500 нТл болатын, субжанартаулық диоритті порфириттердің, диорит интрузияларының және магнетитті нысандардың дамыған учаскелеріне тән.

Елтай-Қоржынкөл кенді ауданының құрылымдық-геологиялық жағдайы мен тектоникалық ерекшеліктері туралы біржақты мәліметтер беру мүмкін емес. Бұл соңғысы әртүрлі зерттеушілердің аймақтық зерттеу және геологиялық материалдарды қорыту барысында Валерьянов синклинорлы аймағының даму режимі мен сатылары бойынша бірыңғай қорытындыға келе алмағандығымен түсіндіріледі.

Аймақтың ішкі құрылымы пликативті және дизъюнктивті дислокациялармен күрделенген. Соңғылары субмеридионалды бағытта орналасып, аймақ аумағын көптеген блоктарға бөлген. Жалпы аймақ тереңдік жарылымдарды, атап айтқанда Ливанов жарылымын шектейтін сызықты қатпарлы пликативті құрылымдармен күрделенген.

Сипатталатын ауданда А.М. Захаров және басқа да зерттеушілер (А.М. Дымкин, А.М. Щербак және т.б.) батыстан шығысқа қарай келесі құрылымдарды бөлген:

- Викторов синклиналі (сипатталатын картаның шегінен тыс);
- Үшсор антиклиналі;
- Шекаралық синклиналь;
- Соколов-Сарыбай антиклиналі;
- Копоткин синклиналі.

Құрылымдардың ұзындығы 120-160 км, ені 5-10 км, ал қанаттарының еңістігі 40-70° құрайды.

Жоғарыда аталған төменгі таскөмірлі шөгінді-вулканогенді қабаттар, соның ішінде орта-жоғарғы карбонға шартты түрде жатқызылатын қызыл түсті қабаттар, А.М. Захаровтың пікірінше, геосинклинальды түзілімдерге жатады.

Н.Г. Пиунов және басқалардың пікірінше, геологиялық фактілерге сәйкес Валерьянов вулкан-тектоникалық аймағында төрт құрылымдық ярус бөлінеді:

- Орта девон-төменгі визейлік ярус
- Орта-жоғарғы визейлік ярус
- Серпухов-башқұрттық ярус

- Жоғарғы палеозойлық ярус

Алғашқы екі ярустың шөгінділері геосинклинальдық даму сатысына, үшіншісі — орогендік сатыға, ал төртіншісі — континенттік сатыға сәйкес келеді.

Н.Г. Пиуновтың пікірінше, пликативті құрылымдар шектеулі дамыған, ал негізгі рөл вулкано-тектоникалық құрылымдарға — депрессияларға, күмбездерге, брахиантиклинальдарға және брахисинклинальдарға тиесілі. Сипатталатын аумақта Н.Г. Пиунов және басқа зерттеушілер 9 вулкано-тектоникалық құрылымды анықтады. Солардың бірі — көлемі 5,5×8,5 км болатын *Қоржынкөл құрылымы*, оған Қоржынкөл кенорны сәйкес келеді.

Ауданның дизъюнктивтік тектоникасы өте күрделі. Тектоникалық бұзылыстар субмеридионалды, субендік, солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс бағыттарға ие. Бұл негізінен тасталулар, ығысулар және кейде қабаттасулар, соның арқасында аймақтың жалпы және сипатталатын ауданның блоктық құрылысы күрделенген. Субендік жарылымдар әдетте субмеридионалдықтарға қарағанда жас, және олар бойынша ығысу шамасы салыстырмалы түрде аз.

1.4 Геологиялық құрылысы. Қарасор-Лисаков кенді торабының жекелеген учаскелері

Геолого-металлогения тұрғысынан Қарасор-Лисаков кенді торабы Елтай-Қоржынкөл кенді ауданының құрамына кіріп, оның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Кенді торап аумағында қазіргі уақытта Солтүстік Лисаков және Қарасор кенорындары, сондай-ақ Лисаков және Оңтүстік Лисаков кен көріністері белгілі.

Кенді тораптың геологиялық құрылымына күрделі дислокацияланған төменгі карбон жыныстары және олардың үстінде горизонтальды орналасқан мезо-кайнозой шөгінділері қатысады. Ыдыраған шөгінділердің қалыңдығы 0-ден (рудалы тораптың орталық және оңтүстік-батыс бөліктерінде жыныстар жер бетіне шығады) 130 метрге дейін ауытқиды, орташа қалыңдығы 30 метрді құрайды.

Төменгі карбон жыныстары Сарыбай, Соколов және Андреев свиталарының шөгінділерімен ұсынылған. Рудалы торап шегінде Сарыбай свитасының жалпы қабылданған құрамындағы шөгінділері анықталмаған. Олар кенді тораптың шығысында, солтүстік-батысында және батысында кеңінен таралған.

Соколов свитасы ($C_{1\text{ sok}}$). Бұл свитаның шөгінділері ең көне болып табылады және негізінен кенді тораптың солтүстік бөлігінде дамыған. Оның құрамында екі пачка бөлінеді: төменгі — шөгінді, әдетте кенді қапталдаушы және жоғарғы — вулканогенді. Мұндай жіктеу картировкалық ұңғымалар деректеріне негізделген. Есептік кезеңде бұрғыланған терең ұңғымалар (20, 21, 23, 26, 56, көлденең 3-7 және бойлық III, IV қималары) жоғарғы

вулканогенді пачканың жоқтығын көрсетті. Андреев свитасының шөгінділері тікелей әктасты-туффитті пачкаға жатады, сондықтан оны Соколов свитасының төменгі пачкасы ретінде қарастыруға болады.

Макроскопиялық әктастар түсі бойынша ашық сұрдан қара түске дейін өзгереді және ұсақ түйірлі құрылымға ие. Ашық сұр әктастар біртекті массивті текстурамен сипатталады, ал қою сұрлары қабатталған және қатпарлы болып келеді. Олардың құрамында көмірлі және сазды материалдармен қатар плагиоклаз сынықтары, ұсақ түйірлі (силицитті) материал, хлорит, ангидрит, гипс, сондай-ақ гематит, магнетит және пирит сияқты кен минералдары кездеседі. Талшықты гипс жиі қабаттар бойымен немесе қиып өтетін желілер түзеді. Кейде әктастар арасында порфириттер мен туффиттерден тұратын қабаттар кездеседі. Кендер дамыған әктастарда дақтанып-брекчиялық және брекчия тәрізді текстуралар байқалады (№21 ұңғыма, 643-650 м тереңдік). Кейбір жағдайларда туффиттер мен алевро-псаммиттер әктастарды толықтай алмастырады. Мұндай пачкалардың қалыңдығы бірнеше метрден 40-60 метрге дейін жетеді. Әктастар үшін ағару, мәрмәрлену тән, ал туффиттер альбиттену, прениттену, хлориттену, амфиболдану, сирек жағдайда скаполиттену процестеріне ұшырайды.

Солтүстік Лисаков кенорны аймағында жоғарғы пачка андезитті порфириттерден, олардың туфтары мен басқа да шөгінді-пирокластикалық түзілімдерден тұрады. Бұл қабаттар үшін диоритті порфириттердің силлдері мен қиып өтетін денелері тән.

Андреев свитасы. Андреев свитасының түзілімдері Қарасор-Лисаков кенді торабы аумағының басым бөлігін құрайды. Оның жыныстары рудалы тораптың орталық бөлігіндегі жалаңаштануларда, №7, 8, 9 жарылымдарының арасындағы блокта кездеседі. Бұл аймақ толығымен 20, 21, 22 және басқа да ұңғымалармен бұрғыланған. Андреев свитасының шөгінділерінің қалыңдығы 460 м-ге дейін жетеді.

Бұл свита туфтардан, вулканомиктті конгломераттардан және порфириттерден тұрады. Туфтар ірі сынықты, лапиллилі және агломератты болып келеді. Сынықтардың өлшемі 0,5-тен 15-16 см-ге дейін ауытқиды, бірақ негізінен 0,5-2,3 см, кейде 4-5 см болады. Сынықтар құрамында әртүрлі құрылымды порфириттер (афировтыдан полифировтыға дейін), кейде миндалекаменді және кеуекті жыныстар кездеседі. Миндалекөктер кейде сығылған және хлоритпен толтырылған. Плагиоклаз кристалдарының созылықы призмалық пішіні тән белгі болып табылады. Сынықтардың пішіні әртүрлі – дөңгелек және өткір бұрышты. Олар әдетте қарқынды гематиттелген. Алайда, кейбір дөңгелек сынықтар айтарлықтай альбиттенген, хлориттенген және эпидоттанған. Сынықтардың мөлшері 5-10%-дан 50-60%-ға дейін өзгереді. Цемент – ұсақ сынықты кристаллолитокластикалық, көбіне өзгеріске ұшыраған: альбиттенген, прениттенген, гематиттелген.

Андреев свитасының барлық түзілімдері үшін шие-қоңыр түсті жыныстар тән. Алайда, кейбір ұңғымаларда 0-4 м аралығында альбиттенген және прениттенген ашық түсті жыныстар кездеседі.

Мезозой шөгінділері сазды үгілу қыртыстарымен ұсынылған, олардың құрамында палеозой жыныстарының үгілген сынықтары кездеседі. Үгілу қыртыстарының ең үлкен қалыңдықтары жарықшақтану, ұсақталу, тектоникалық бұзылыстар аймақтарында және карбонатты мен алюмосиликатты жыныстардың жанасу жерлерінде байқалады.

Кайнозой шөгінділері теңіздік және континенттік түзілімдермен көрсетілген.

Интрузивті жыныстар. Қарасор-Лисаков кенді торабы аумағындағы интрузивті түзілімдер гипабиссальды, субвулкандық және дайкалық фациялардың жыныстарымен ұсынылған. Олар Андреев свитасының қызыл түсті шөгінділерінің «перифериясы» бойында орналасқан көптеген интрузивті массивтерді түзеді. Негізінен, барлық кенді нысандар мен аномалияларда интрузивтер кездеседі. Көп жағдайда олар кен денелерін қабылдаушы орта ретінде қызмет етеді. Палеозой іргетасының бетінде бұл жыныстар ирек-сопақша пішінге ие және солтүстік пен солтүстік-шығыс бағытында созылған. Олардың ұзындығы 2,5-3 км-ге дейін жетеді, ал ені алғашқы жүздеген метрден 2 км-ге дейін ауытқиды.

Интрузивтер әлсіз кристалданған, әдетте, ұсақ және орта түйірлі, көбінесе порфирлі немесе порфиритке ауысатын жыныстар болып табылады. Әлсіз кристалдану нәтижесінде әртүрлі жыныс түрлерінің макроскопиялық ауысуларын анықтау қиын. Сондықтан геологиялық схемаларда диоритті порфириттер мен диориттер кейде нақты контактісіз көрсетіледі. Айта кетерлігі, кристалдылық дәрежесі тереңдікке байланысты айтарлықтай өзгермейді.

Интрузивті жыныстардың минералдық құрамы да біркелкі. Негізгі минералдар – плагиоклаз, моноклинді пироксен, кенді минералдар және сфен. Кейде пироксеннің орнына немесе оған қосымша мүйізді түйіршіктер қосылады, ал плагиоклаз аймақтық құрылымға ие болады. Жаңа, өзгеріске ұшырамаған жыныстар сирек кездеседі. Көбінесе интрузивті жыныстар альбиттелген, бұл кезде плагиоклаздар пелитті затпен жабылады, кейде хлоритпен, пренитпен немесе эпидотпен алмасады. Пироксендер көбінесе талшықты амфиболмен, хлоритпен алмастырылған, ал өзгерген ірі түйірлі қара түсті минералдар көбінесе ұсақ түйірлі кен минералдарының артық мөлшерімен қаныққан.

Интрузивті жыныстардың құрылымы айтарлықтай ерекше. Негізінен, созылыңқы-призмалық түйірлі құрылым басым. Плагиоклаздар қара түсті минералдармен салыстырғанда айқын идиоморфтық қасиетке ие. Кейде габбро тәрізді құрылымдар да кездеседі, онда екі минералдың да идиоморфтығы шамамен бірдей болады. Сонымен қатар, офитті және субофитті құрылымдар байқалады, бұл тек плагиоклаз құрамына ғана емес, сонымен қатар жыныстарды диабаз немесе габбро-диабаз деп атауға негіз болады. Айта кету керек, габбро және субофитті құрылымдар Қарасор интрузивіне тән.

Дайкалық жыныстар. Олардың таралу көлемін нақты анықтау мүмкін емес. Алайда, Қарасор учаскесінде кеңірек дамығаны байқалады. Бұрын жүргізілген зерттеулер негізінде олардың келесі түрлері бөлінеді: гранит-порфирлер, плагиогранит-порфирлер, альбитофирлер, диоритті және диабазды порфирлер. Алғашқы үш түрі (гранит-порфирлер, плагиогранит-порфирлер және альбитофирлер) кенденуден кейінгі түзілімдер болып табылады. Ал диоритті және диабазды порфириттер кенденуге дейінгі де, кейінгі де жыныстар қатарына жатады.

Плагиогранит-порфирлер гранит-порфирлерден кварц пен амфиболдың ірі түйіршіктерінің болмауымен ерекшеленеді. Олар негізінен Оңтүстік Лисаков кен көрінісінде және Қарасор кенорнында кездеседі.

1.5 Ауданның құрылымдық ерекшеліктері

Қарасор-Лисаков кенді торабы құрылымдық жағынан 6х12 км көлеміндегі вулканотектоникалық депрессия болып табылады. Жалпы алғанда, бұл эффузивтік және интрузивтік магматизмнің көріністерімен және олармен қатар жүретін тектоникалық әрі рудогидротермалық үдерістермен қалыптасқан синклиналь тәрізді палеовулкандық құрылым.

Ең маңызды ерекшелігі – палеовулкандық құрылымның орталық ядролық бөлігінің бұзылғаны және оның диоритті порфириттер мен диориттермен «толтырылғаны». Қабаттың контакт аймағында қызыл түсті жыныстар байқалады, ал диориттер едәуір тереңдікке дейін қатты скаполиттелген, нәтижесінде скаполитті және амфибол-скаполитті метасоматиттер түзілген, олардың құрамында туфтардың, порфириттердің және диориттердің реликттері сақталған. Барлық мәліметтерді ескере отырып, жоғарыдағы қызыл түсті қабаттың күшті гематиттенуі скаполиттену үдерісімен тікелей байланысты деп болжауға болады. Жыныстардың шлифтерінде гематиттену негізгі және цементтеуші массаларда, сондай-ақ плагиоклаздардың ішіндегі көптеген жарықтар бойымен байқалады.

Тағы бір маңызды құрылымдық ерекшелік – бұл құрылымның диоритті порфириттер мен диориттердің интрузивтерімен шектелуі. Бұл интрузивтер вулканоструктураның шеткі бөліктерінде орналасқан. Олар, мүмкін, құрылымның шөгуі мен магмалық материалдың сығылуы кезінде қалыптасқан. Осы процестің нәтижесінде көптеген шток тәрізді, силл тәрізді және дайка тәрізді денелер түзілген. Бұлар кварцталған және кварц құрамды диоритті порфириттерден, диориттерден және басқа да жыныстардан тұрады.

Палеовулкандық құрылымның шығыс бөлігін Копоткин әктасты жолағы шектейді. Бұл әктастар солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс бағытта созылып, батысқа қарай еңіс күйде орналасқан.

Қарасор-Лисаков кенді торабының аумағында геологиялық-геофизикалық деректерге сүйене отырып, екі түрлі жастағы жарылым жүйелері анықталған: субмеридиандық және субендік бағыттағы. Кен

түзілуіне бақылау жасайтын негізгі жарылымдар – субмеридиандық бағытта орналасқандар. Ал субендік бағыттағы тектоникалық бұзылыстар, әдетте, кендену үдерісінен кейінгі түзілімдер болып табылады.

Метасоматикалық түзілімдер. Негізгі метасоматикалық үдерістер альбитизация, пренитизация, хлоритизация және эпидотизация болды, сонымен қатар скаполитизация да байқалды. Соңғы уақытта метасоматикалық үдерістерге қатысты көзқарастар өзгерістерге ұшырады.

Альбитизация барлық жерде дерлік байқалады, бірақ оның қарқындылығы әртүрлі. Кейде ол айтарлықтай күшті болып, жарық түсті, дерлік мономинералды жыныстар түзіледі. Көбінесе ол әлсіз байқалады және көбіне пренитизациямен, хлоритизациямен немесе эпидотизациямен қатар жүреді.

Скаполитизация әсіресе Солтүстік Лисаков және Қарасор кенорындарының оңтүстік бөлігінде айқын көрінеді. Скаполитизация үдерісінің басты ерекшелігі – скаполит көбінесе пренит және амфиболдармен (тремолит, актинолит) бірге кездеседі, ал пироксендер сирек байқалады. Скаполитті метасоматиттер негізінен Шығыс Лисаков аномалиясындағы диоритті порфириттердің интрузиясын жиектеп, қызыл түсті қабаттың контактісі бойымен тереңдікке кетеді.

Пренитизация скаполитизациямен бірге де, жеке де кең таралған. Пренитизация көбінесе порфириттерде байқалады, әсіресе плагиоклаздардың сеппелерінде. Кейде сеппелердің перифериялық бөліктері альбиттелген, ал орталықтары прениттелген болып келеді. Кей жағдайларда пренит жыныстың бүкіл көлемін алмастырады, ал кейде ұсақ желілер немесе тамыршалар түрінде дамиды.

Амфиболизация порфириттерде, әсіресе скаполитті метасоматиттермен бірге айқын көрінеді.

Эпидотизация салыстырмалы түрде әлсіз дамыған. Ол көбінесе жеке ұяшықтар, тамыршалар, негізгі массадағы және плагиоклаз сеппелеріндегі ұсақ түйіршіктер түрінде кездеседі.

Хлоритизация барлық жерде байқалады: жыныстарда, кендерде, метасоматиттерде және гидротермалиттерде.

Гематитизация ерекше назар аударуға лайық. Ол Андреев свитасының жыныстарында кең таралған, сонымен қатар кендерде де айқын байқалады.

Карбонатизация қабылдаушы жыныстарда, әсіресе порфириттерде өте кең таралған. Бұл кезде негізгі масса да, сеппелер де карбонаттармен алмастырылады. Альбитизация, хлоритизация, пренитизация және басқа үдерістермен бірге көптеген кальцитті тамырлар, желілер және жіп тәрізді минералдар түзіледі.

2 Қарасор-Лисаков кен торабының барлық кенорындары

2.1 Солтүстік Лисаков кенорны

Кенигсбергер факторы келесі формула бойынша есептелді:


$$Q = \frac{\frac{Ta}{T0} - \eta}{\eta - 1} \quad (2)$$

Лисаков аномалиясы үшін оның мәні -0,06 құрады. Алынған теріс мән магниттік вариациялар негізінде Q факторының анықталу дәлсіздігімен байланысты. Лисаков аномалиясының рудалық аймағының қалдық магниттелуі шамалы. Бұл ә және Z_a каротаж деректері негізінде Q_{zk} факторының есептеу нәтижелерімен расталады. Есептелген Q_{zk} мәні 0,1-ге тең болды. (17,18 - сурет)



17-сурет – Қарасор-Лисаков магниттік аномалиясында жүргізілген вариация бақылау нәтижесінде алынған изодинамдар картасы
Масштаб 1:50 000

1- Геомагниттік өрістің ауытқуын бақылау нүктелері, 2-ұңғымалар, 3- бұрғылау арқылы алынған кен денесің контуры, 4-геофизикалық деректер нәтижесінде алынған қосымша кен денесінің контуры




18-сурет – Копоткин кенорны магнит өрісінің изодинамдар картасы Масштаб 1:5 000

1- Геомагниттік өрістің ауытқуын бақылау нүктелері, 2-ұңғымалар, 3- бұрғылау арқылы алынған кен денесің контуры, 4-геофизикалық деректер нәтижесінде алынған қосымша кен денесінің контуры


Копоткин кенорнында бұрғыланған ұңғымалардан алынған деректер бойынша қимада темір рудасының контурлары белгіленген. (19 - сурет). №102 ұңғымасында 302-456 метр тереңдік аралығында темірдің

концентрациясы 44.04% құрады, бұл айтарлықтай жоғары көрсеткіш болып табылады. №8 ұңғымасындағы мәліметтер бірнеше тереңдік деңгейлеріне бөлінген: 93-142 м аралығында 28.95%, 194-207 м аралығында 23.51%, ал 213-232 м аралығында 31.39% темір анықталған. Бұл деректер кенорнындағы темірдің таралу ерекшеліктерін, әртүрлі тереңдіктегі құрамының өзгеруін көрсетеді және кеннің сапасын бағалау, әрі өңдеу стратегиясын анықтау үшін маңызды.



19-сурет – Копоткин кенорнының геологиялық қимасы Масштаб 1:2000
1- магнетитті темір рудалары, 2- әктас, 3- базальтты порфириттер, 4- саз

Жамбаскөл аномалиясы аумағында геологиялық-геофизикалық жұмыстар жүргізілді. Геологиялық интерпретация барысында вариациялар спектрінің жоғары жиілікті бөліктері (қалдық айырмалар) пайдаланылды. 20-суретте мысал ретінде қалдық вариограмманың бір бөлігі келтірілген. Көптеген геофизиктердің пікірінше, аномалияны тудырып тұрған нысан индуктивті әсерге ие емес (яғни, күшті магнитті денемен вариациялардың күшеюі байқалмайды). Аномалияның пайда болуы жыныстардың қалдық магниттелуімен байланысты деген болжам бар.



20-сурет – Жамбаскөл аномалиясындағы магниттік вариациялық жұмыстардың нәтижелері


Қарасор кенорны. Кенорнында 11 ұңғыма бұрғыланды. 58 және 60 ұңғымаларында диорит порфириттерімен бірге желі-жалпақ құрылымды магнетит кенденуі анықталды (60 ұңғымада 198–500 м, 58 ұңғымада 320–80 м тереңдік аралықтарында) және олардың магниттік қабылдағыштығы 0,005–0,015 СГС құрайды. Ұңғымалар түбіне қарай магниттік қабылдағыштық 0,003–0,005 СГС-ке дейін төмендейді. Қиманың жоғарғы бөлігінде, яғни жер бетінен 102 м (58 ұңғыма) және 125 м (60 ұңғыма) тереңдікке дейін диорит порфириттері кездеседі, олардың магниттік қабылдағыштығы $\alpha = 0,001$ СГС. 60 ұңғымада 125–198 м және 58 ұңғымада 102–300 м тереңдік аралығында $\alpha = 0,003–0,004$ СГС шамасында. (Сурет 21)

Екі ұңғыма бойынша да магниттік өрістің вертикаль құраушысының сипаты бірдей: қиманың жоғарғы бөлігінде оң мәндер (2000–3000 гамма), ал шамамен 200 м тереңдікте – күшті бүйірлік теріс аномалияларға ($-10000 \div -15000$ гамма) ауысу байқалады. Z_a -ның жоғары теріс мәндері ($-5000 \div -15000$ гамма) 60 ұңғымада 600 м тереңдікке дейін, ал 58 ұңғымада – 700 м тереңдікке дейін сақталады.

Ұңғымалар мен жер беті бойынша магнит өрісіне жүргізілген есептеулер, сондай-ақ 60 ұңғымадағы векторлар сипаттамасы $\vec{T}_a$, рудалық дененің тік құлау бұрышы бар екендігін көрсетеді. Ол 60 ұңғымадан 20–30 м шығыста және 58 ұңғымадан 30–60 м қашықтықта орналасқан. Оның қалыңдығы 50–100 м, ал жоғарғы жиегі шамамен 200 м тереңдікте орналасқан.

Магнит өрісінің сипатына қарай, төменгі жиегі 60 ұңғыма ауданында 650 м тереңдікте, ал 58 ұңғыманың маңында шамамен 800 м тереңдікте орналасқан.

59 ұңғымада (21 - сурет) 286,8–607,6 м тереңдікте темірдің жалпы мөлшері 25–30% болатын желі-жалпақ құрылымды кендер ашылды. Рудалық дене шығыс бағытта геофизикалық модельде көрсетілгеннен де үлкен болуы мүмкін, себебі модельдеу кезінде аномалияның шығыс қанатында, батыс қанатына ұқсас, магниттік қабылдағыштығы 0,01–0,015 СГС ($J = 0,01$ СГС) болатын жыныстар қойылды. Бұл жерде рудадан гөрі магнитті, бірақ кондициялық емес жыныстар үлкен көлемді алуы мүмкін. Мұндай нұсқа ұңғымалар мен беткі магнит өрісіне толықтай сәйкес келеді.



21-сурет – 11-сызық бойындағы геолого-геофизикалық қима
1 - Z_a бақылау мәні, 2 - Z_a региональды фоны, 3 – магнетитті кен аймағы, 4 – магнит өрісін модельдеу кезінде ескерілген магниттік жыныстар контуры, магниттену мәндерімен және магнетитті темірдің орташа мөлшерімен

Магнит өрісінің есептеулері бойында 600–700 м созылатын Солтүстік магниттік эпицентр бойынша бірыңғай руда денесінің бар болу идеясына қайшы келмейді.

Магнит өрісінің изосызықтары «қысылған» учаскесінде, 3000 және 3800 гамм арасындағы локалды эпицентрлер арасында, бұрғыланған 52 көлбеу ұңғымасы 318,8 м-ден 887,5 м тереңдікке дейінгі аралықта тік құлама руда аймағын қиып өтеді. Мұндағы кондициялық рудалы қималардың жиынтық қалыңдығы 101,6 м. Рудаланған кіріккен жыныстардың магниттік қабылдағыштығы 0,01-ден 0,05 СГС бірлікке дейін өзгереді, орташа мәні — 0,012 СГС. Жалпы алғанда, бұл ұңғыма арқылы Қарасор аномалиясының Солтүстік эпицентрі бойымен рудалы аймақтың үздіксіздігі бұрын болжанғандай расталды. Бұған дейін 59-ұңғымамен қиылған руда денесі осы аралық қимада қалыңдығы жағынан тарылып, екіге бөлініп, тиісінше 6 және 12 м қалыңдықтағы екі дене түрінде көрінеді. Бұл денелерден шығысқа қарай, 52-ұңғымамен 507–737,2 м тереңдік аралығында қалыңдығы 8,7 м-ден 24,8 м-ге дейінгі рудалы қималар қиылған. Бұл руда денелерінің тік өлшемі 500 м-ден асады және олар Солтүстік эпицентр бойымен созылып жатады деп болжануда, ал локалды магниттік эпицентрлер ауданында олардың қалыңдығы ұлғаяды.

50-ұңғымамен әртүрлі дәрежеде магниттік минералданған диорит порфириттері және магнитсіз плагиогранит-порфирлер дайкалары қиып өтеді. 67–142 м аралығында жыныстардың магниттік қабылдағыштығы 0,002 СГС, 142–295 м аралығында — шамамен 0,01 СГС. 435–636,5 м тереңдік аралығында диорит порфириттерінде желілік және дақ тәрізді минералдану байқалады, бұл жерлерде магниттік қабылдағыштық 0,001–0,15 СГС аралығында, ал орташа мәні шамамен 0,02 СГС. Ұңғыманың төменгі бөлігінде жыныстар іс жүзінде магнитсіз.

50-ұңғыма бойынша магнит өрісінің вертикалды құраушысы (Z_a) келесі сипатта болады: жер бетінен 220 м тереңдікке дейін Z_a оң мәнде болып, шамамен 3000 гамм деңгейінде сақталады. Бұдан кейін 400 м тереңдікте максималды мәні 17000 гамм болатын бүйірлік теріс аномалия байқалады. 400 м-ден төмен тереңдікте бұл теріс аномалияның мәні біртіндеп азайып, ұңғыманың түбінде шамамен 3000 гамманы құрайды.

50-ұңғыма бойынша магнит өрісінің есептеулері және T_a векторы мен 1-ұңғымадағы Z_a қисығының сипатына сүйене отырып, бұл екі ұңғыма арасында тереңдігі 180–200 м деңгейде орналасқан, тік құлама рудалы объект анықталады. Оның вертикалды өлшемі шамамен 700 м. Жер бетіндегі магнит өрісінде бұл объект 4500 гаммалық магниттік аномалия эпицентрімен белгіленеді. Бұл эпицентр солтүстік-шығыс бағытта созылып жатыр және 1,0 мГл болатын гравитациялық эпицентрмен сәйкес келеді.

Тереңдігі 1356,6 м болатын 57-ұңғымамен де 200 м тереңдіктен бастап $\alpha=0,025$ СГС магниттік қабылдағыштығы бар желілік-дақты рудадану байқалған. Бұл ұңғымадағы Z_a қисығы 50 және 1-ұңғымалардағыдай сипатқа ие: 200–540 м тереңдік аралығында оң аномалиядан 8000–15000 гаммалық

бүйірлік теріс аномалияға ауысу көрінеді. Бұл жерде де, 57-ұңғымадан батысқа қарай орналасқан, қалыңдығы 50–70 м және тік өлшемі шамамен 400 м болатын тік құлама рудалы дененің болуы мүмкін.


540–745 м тереңдік аралығында 57-ұңғымамен диорит порфириттері мен қалыңдығы 0,5–5 м болатын желілік рудалы интервалдар қиылған, олардың магниттік қабылдағыштығы орташа алғанда 0,01 СГС. 745 м-ден ұңғыма түбіне дейін $\alpha=0,004$ СГС болатын диорит порфириттері кездеседі. Бұл тереңдікте магнит өрісінің оң деңгейі байқалады: 800 м тереңдікте 3000 гамманан басталып, ұңғыма түбінде 1500 гаммға дейін төмендейді. Бұл оң деңгей Z_a жоғары бөліктегі рудадану аймағының әсерімен байланысты, алайда 1500 м-ден төмен тереңдікте де рудалы масса болуы мүмкін деген жорамал бар.

Беткі магнит өрісінің есептеулері бойынша, 1 және 17-ұңғымалар аралығында 200–600 м тереңдікте рудалы объектінің болуы болжанады.

Барлық болжанған рудалы объектілер жер бетіндегі магниттік өрісте 3000–4500 гаммалық локалды эпицентрлер түрінде көрініс табатынын атап өткен жөн. Қарасор аномалиясы аумағында мұндай эпицентрлер оннан асады, және олардың әрқайсысы баған тәрізді рудалы денелермен байланысты болуы мүмкін.

Гравитациялық және магниттік өрістердің сипаты бойынша солтүстік бөлікті орталық бөліктен бөлетін жарылым айқын байқалады. Ең жоғары қарқындылығы 3800 гамм болатын солтүстік эпицентрдің тармақтары дерлік симметриялы құрылған. Жарылымның оңтүстігіне қарай аномалияның ені күрт ұлғайып, оның құрылымы ассиметриялық сипатқа ие болады: аномалияның шығыс тармағы жоғары градиентпен (12 $\gamma/\text{м}$), ал батыс тармағы төменірек градиентпен (3 $\gamma/\text{м}$) сипатталады.


Гравитациялық өріс орталық бөлікте орналасқан эпицентрі бар аномалиямен берілген ($\Delta g = 2,2$ мГал). Δg аномалиясы пішіні және орны бойынша магниттік аномалиямен сәйкес келеді. Аномалияның солтүстік эпицентрі арқылы жүргізілген сандық есептеулердің нәтижелері (I-I сызығы бойынша) келесі бұзушы объектінің параметрлеріне сәйкес келеді: $h = 30$ м, $\alpha = 13000 \cdot 10^{-6}$ СГС бірл., $\Delta \sigma = \pm 0,2$. Есептеулер кезінде магнит қабылдағыштық (α) мәні орталық магниттік эпицентрге ұқсас етіп алынған, ол ЖМӘ деректері бойынша алынған. Дегенмен, бұл аномалияның табиғатын рудалық нұсқада түсіндіру де мүмкін. (22 -сурет)



22-сурет – Қарасор учаскесіндегі I-I сызығы бойынша сызбалық геологиялық-геофизикалық қимасы

1 - Z_a бақыланған өрісі , 2 - Z_a қалыпты өрісі , 3 – аймақтық фон Δg , 4 - Δg бақыланған өрісі, 5 - геологиялық қимадан алынған Δg , 6 – геологиялық қима бойынша таңдалған Z_a нүктелері, 7 – саз, 8 – диорит, 9 – құмтас, 10 – андезитті порфирит

Барлық жоғарыда келтірілген сандық есептеулерді III-III барлау сызығы (орталық эпицентр) бойынша салыстыра отырып, бұзушы объектінің келесі орташа параметрлері анықталды: үстіңгі шетіне дейінгі тереңдік – 400 м, астыңғы шетіне дейін – 850 м, $\alpha = 60000 \cdot 10^{-6}$ СГС бірл., және $\Delta \sigma = 0,8$ г/см³. (23 - сурет)



23-сурет – Қарасор учаскесіндегі III-III сызығы бойынша сызбалық геологиялық-геофизикалық қимасы

1 - Z_a бақыланған өрісі , 2 – Z_a қалыпты өрісі , 3 – аймақтық фон Δg , 4 - Δg бақыланған өрісі, 5 - геологиялық қимадан алынған Δg , 6 – құмтас, 7 – саз, 8 – диорит, 9 – кен аймағы

Осылайша, барлық геофизикалық зерттеулердің нәтижелері мен сандық есептеулер Қарасор аномалиясының болашағы бар екенін, өнеркәсіптік рудалану көзін ашу мүмкіндігін көрсетеді. Оның қоры ($\sigma = 3,3 \text{ г/см}^3$, $K = 0,2$ болған жағдайда) шамамен 180 млн тоннаны құрауы мүмкін.

Бұрғылау және геофизикалық зерттеу нәтижелерін интерпретациялау бойынша, ЖМӘ (жасанды магниттеу әдісі) материалдарында ұсынылған 0,06 СГС магниттік қабылдағыштығы бар жайпақ жатқан рудалы денелер туралы интерпретация нұсқасы расталмады. Іс жүзінде біз 0,002–0,02 СГС аралығындағы магниттік қабылдағыштығы бар кең көлемді рудаланған диорит порфириттер аймағын байқаймыз. Магниттік аномалиялар эпицентрлері маңында магниттік қабылдағыштық артып, сәйкесінше темірдің мөлшері де өседі. Дәл осы эпицентрлер аумағында магниттік қабылдағыштығы 0,03–0,25 СГС болатын тік құлама рудалы денелер орналасқан.

Қайталама өрістің таралу сипаты, Қарасор аномалиясының Батыс қапталындағы изосызықтардың тартылуы және ЖМӨ өрісінің η қарқындылығы 2,8% болуы – бәрі 500–700 м қалыңдықтағы магниттік қабылдағыштығы 0,01–0,015 СГС болатын рудалы аймақтың әсерінен туындаған. Бұл аймақта тік құлама рудалы объектілер орналасқан. Рудалы аймақ батыс бағытта еңістеніп жатыр. Сонымен қатар, рудалы денелердің жату тереңдігі де артады. 51-ұңғымадан батысқа қарай, рудалы денелердің жоғарғы жиегі 300–500 м тереңдікте орналасқан.

Солтүстік Лисаков кенорнының оңтүстік бөлігі. ЖМӨ аномалиясы учаскесінде 9 ұңғыма бұрғыланды. ЖМӨ деректері бойынша болжанған, магниттік қабылдағыштығы 0,03 СГС және жату тереңдігі 250 м болатын рудалы объект ұңғымалармен бақыланбаған. Магниттік каротаж мәліметтері бойынша ұңғымалар магнетит дақтары бар порфириттерді, сондай-ақ қалыңдығы 0,5–15 м аралығындағы жекелеген рудалы интервалдарды қиып өткен. ЖМӨ аномалиясы учаскесінің магниттік моделін келесідей сипаттауға болады. Қиманың жоғарғы бөлігінде, 50–200 м тереңдікке дейін, магниттік қабылдағыштығы шамамен 0,001 СГС болатын жыныстар орналасқан. 500–900 м тереңдікке дейінгі аралықта жыныстардың орташа магниттік қабылдағыштығы 0,003–0,007 СГС аралығында. Бұл аймақта рудалар мен рудаланған жыныстардың интервалдары кездеседі. Тереңірек, ұңғыма түбіне дейін, жыныстардың магниттік қабылдағыштығы 0,001–0,003 СГС аралығында болады. Жыныстардың қалдық магниттелуі магниттік каротаж деректері негізінде анықталды. Q_{zk} факторының мәні 0,3–0,6 аралығында. Магниттік қабылдағыштығы 3000×10^{-6} СГС-тан төмен болған жағдайда Q_{zk} факторы 0,6-ға тең, ал $\alpha > 3000 \times 10^{-6}$ СГС болғанда орташа Q_{zk} мәні 0,3-ті құрайды. Ең жоғары магниттік әсер, әрі ұңғымаларда, әрі жер бетінде, жыныстардың ортаңғы қабатынан байқалады. Модельдеу нәтижелері бойынша рудаланған жыныс блоктары мен рудалы денелер оңтүстік-батыс бағытта құлаған. Рудаланған блоктардың магниттік қабылдағыштығы 0,01 СГС, қалыңдығы 300 м-ге дейін жетеді.

Ұңғымалық магнитобарлау нәтижелері бойынша кей жағдайларда рудалы зонаның құрылысының жекелеген ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туады. Мысалы, 22-ұңғымада 800–860 м тереңдікте тіркелген -8000 гаммдық бүйірлік теріс аномалия ұңғымаға 20 м қашықтықта рудалы массалардың жақындауын көрсетеді. Бұл объект ұңғыма арқылы 861,5–876,4 м тереңдік аралығында ішінара кесілген, негізгі рудалы массалар ұңғымадан оңтүстік-батысқа қарай орналасқан.


18-ұңғымада 639–661 м аралығында кездескен рудалы дене ұңғыма бойынша көтерілім бағытында шектеулі таралған, ал құлау бағытында, Z_a қисығының сипатына қарағанда, оның қалыңдығы азаяды.

20-ұңғымада 330–470 м тереңдік аралығындағы бүйірлік теріс аномалия ұңғымадан солтүстік-шығысқа қарай 20 м қашықтықта орналасқан рудаланған жыныс блогымен байланысты. Бұл блок 5-профиль сызығында ең

үлкен қалыңдыққа ие және дәл осы жерде ЖМӨ екінші реттік өрісінің аномалиясының максимумы тіркеледі.

Магниттік өрісті модельдеу нәтижелері бойынша, Солтүстік Лисаков кенорнының оңтүстік бөлігіндегі аномальды аймақ бұрғыланған қимамен өтелген. 700 м тереңдікке дейін қосымша өнеркәсіптік рудалы денелердің кездесуі күтілмейді. Осы учаскедегі ЖМӨ нәтижелері теріс сипатта.


Лисаков аномалиясы арқылы өтетін магниттік бұзушы объектінің параметрлерін анықтау үшін II-II және I-I екі сызығы бойынша сандық есептеулер жүргізілді. II-II сызығы бойынша жүргізілген есептеулер нәтижесінде бұзушы объектінің келесі параметрлері анықталды (24 - сурет): жоғарғы шетіне дейінгі тереңдік – 20 метр, төменгі шетіне дейін – 600 метр, магниттік қабылдағыштығы – $4000 \cdot 10^{-6}$ СГС бірл., ал артық тығыздығы $\Delta\sigma = 0,1$ г/см³. Есептік деректерге сәйкес, бұл объект, болжам бойынша, диориттік массивпен байланысты.



24-сурет – Лисаков учаскесіндегі II-II сызығы бойынша сызбалық геологиялық-геофизикалық қимасы


1 - Z_a қалыпты өрісі, 2 - Z_a бақыланған өрісі, 3 – аймақтық фон Δg , 4 - Δg бақыланған өрісі, 5 – саз, 6 – құмтас, 7 – диорит, 8 – андезитті порфирит, 9 – әктас

Геофизикалық деректер мен олардың интерпретация нәтижелері (Z_a қисықтары, $\vec{T}_a$, векторлары, магниттелу мәндері, Лисаков, Шығыс Лисаков аномалияларында және Солтүстік Лисаков кенорнының Оңтүстік аномалиясында бұрғыланған жекелеген ұңғымалар (28, 56, 19) бойынша рудалы денелер мен рудалы зонаның контурлары). (25,26 - сурет)



25-сурет – Шығыс Лисаков аномалиясы бойынша геолого-геофизикалық қимасы

1 - Z_a бақылау мәні, 2 - Z_a региональды фоны, 3 – магнетитті кен аймағы, 4 – магнит өрісін модельдеу кезінде ескерілген магниттік жыныстар контурлары, магниттену мәндерімен және магнетитті темірдің орташа мөлшерімен



26-сурет – 15 сызық бойынша геолого-геофизикалық қимасы
1 - Z_a бақылау мәні, 2 - Z_a региональды фоны, 3 – магнетитті кен аймағы, 4 – магнит өрісін модельдеу кезінде ескерілген магниттік жыныстар контуры, магниттену мәндерімен және магнетитті темірдің орташа мөлшерімен

Каротаждық зерттеулердің нәтижелері (КМВ, ГГК-С, КС, кавернометрия) негізінен барлық рудалы ұңғымалар бойынша рудалы интервалдарды бөлу үшін пайдаланылды. Бұрғылау сапасын бақылау КМВ және ГГК-С әдістерінің нәтижелері бойынша дереу жүргізілді. Каротаж деректерін бұрғылау нәтижелерімен сәйкестендіру негізінен сынамалау алдында орындалды. Сынамалау интервалдарын бөлу геофизикалық деректерді ескере отырып жүргізілді. Осыған байланысты геологиялық сынамалау мен КМВ деректері арасында тереңдік пен қалыңдық бойынша елеулі айырмашылықтар байқалмайды. Бұл қосымша-Б бөлімінде көрсетілген, онда химиялық талдау нәтижелері бар ұңғымалар бойынша геологиялық және геофизикалық деректердің салыстыруы келтірілген. Тереңдік пен қалыңдық бойынша айырмашылықтар кездейсоқ сипатта, тереңдік бойынша каротаж бен бұрғылау арасындағы орташа квадраттық ауытқу 0,71 м, қалыңдық бойынша – 0,84 м құрайды.

Бұл қорларды есептеу кезінде пайдаланылған параметрлердің сенімділігін дәлелдейді.

Каротаж нәтижелері бойынша рудалы интервалдардан бөлек, магнит өрісін интерпретациялау кезінде пайдаланылған магнетиттің шашыраңқы түрлері бар барлық зоналар да бөлінді.

Каротаж бойынша литологиялық жіктеу мәселесі күрделі болды, әсіресе руданы қамтушы қалыңдықтарда, мұнда жыныстардың физикалық қасиеттері көбінесе олардың литологиялық түріне емес, магнетит концентрациясына байланысты анықталды.

Диориттік және андезиттік порфириттердің қалыңдықтарын геофизикалық деректер негізінде жекелеген литологиялық түрлерге жіктеу мүмкін емес.

6 Қарасор-Лисаков кенді ауданының және іргелес аудандардың перспективалары

Елтай-Қоржынкөл ауданының оңтүстік бөлігінің перспективалары негізінен қазіргі уақытта геологиялық барлау жұмыстары жүргізілген нысандармен байланысты. Оларға Қарасор кенорны, Оңтүстік Лисаков кен көрінісі және Солтүстік Лисаков кенорны жатады. Сонымен қатар, Копоткин кенорны мен Степной кен көрінісіне қатысты материалдарды талдау бұл нысандардың қосымша перспективаларын анықтауға мүмкіндік берді.

Қарасор кенорнында Солтүстік учаскенің батыс және шығыс қанаттарында руда белдемінің таралуын анықтау қажет. Осы мақсатта 9 және 11-профильдерде әрқайсысының тереңдігі 800 м болатын екі еңкіш ұңғыма бұрғылау ұсынылады. Оңтүстік учаскеде руда белдемінің оңтүстік бағыттағы таралуын қадағалау қажет. Осыған байланысты 12-профильден 400 м оңтүстікке қарай, арақашықтығы 400 м болатын қосымша профиль бойынша тереңдігі 800–1200 м болатын 5 ұңғыма бұрғылау жоспарлануда.

Оңтүстік Лисаков аномалиясы шегінде №53 ұңғымамен бір магниттік эпицентр тексерілген. Кен көрінісін толық бағалау үшін қарқындылығы 5000 гамман асатын ең ірі 5 эпицентрде тереңдігі 400–800 м болатын ұңғымалармен бұрғылау жұмыстарын жүргізу қажет.

Солтүстік Лисаков кенорны аясында 2, 3, 5 және 6-учаскелерде ұңғымалар бұрғылау ұсынылады. 2 және 3 учаскелерде қосымша тік құлама денелердің бар-жоғын растау қажет. Бұл үшін 2-учаскенің солтүстік эпицентрінде бір ұңғыма, ал 3-учаскеде қарқындылығы 14000 және 12000 гамм болатын екі күшті эпицентрде екі ұңғыма бұрғылау қажет. Бұл учаскелердегі ұңғымалардың тереңдігі – 250 м. №5 учаскенің солтүстік бөлігінде аномалия өлшемдерінің ұлғаюы байқалады, тиісінше руда белдемінің қалыңдығы да артады деп болжануда. Осыған байланысты қарқындылығы 3000 гамм болатын магниттік эпицентрлерде тереңдігі 500 м болатын екі ұңғыма бұрғылау қажет.

Солтүстік Лисаков кенорнының оңтүстік бөлігінде (№6 учаске) 25 және 26 ұңғымалардың арасында тереңдігі 1200 м болатын бір ұңғыманы бұрғылау ұсынылады.

Іздеу-барлау жұмыстарының айтарлықтай көлемі орындалғанына карамастан, Копоткин кенорны әлі де жеткіліксіз зерттелген, сондықтан қосымша іздестіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Батыс учаске. Оңтүстік қанатында изодинамдардың оңтүстік бағытқа созылуы тереңдігі 30–600 м аралығында орналасқан және анықталған руда денелерінен 200–250 м қашықтыққа таралған қосымша руда массаларымен ғана түсіндірілуі мүмкін. Батыс учаскеде руда қоры қосымша 15–20 млн тоннаға ұлғаюы мүмкін.

Шығыс учаске. Геофизикалық деректер бойынша руда белдемі простирация бойымен солтүстікте 200 м, ал оңтүстікте белгілі шекаралардан шамамен 400 м қашықтыққа таралады. Рудалы денелердің қалыңдығы көп

болмаса да (20–50 м), олардың жату тереңдігі 100–250 м аралығында. Бұл жерде қордың 5 миллион тоннаға дейін артуы мүмкін.


Іздестіру тұрғысынан ең үлкен қызығушылық №118 ұңғыма бойынша тереңдігі 430–970 м аралығында және қарқындылығы 5000 гамм болатын бүйірлік теріс аномалия туғызады. Егер бұл аномалия рудалы табиғатқа ие болса, ол ірі көлемді қосымша рудалы нысандармен байланысты болуы мүмкін.

Копоткин кенорнына тән келесі ерекшелікті атап өту қажет: мұндағы руда денелерінің магниттелуі Солтүстік Қазақстандағы басқа магнетитті кенорындарымен салыстырғанда 1,5–2 есе төмен. Бұл бір жағынан рудалы массаларды іздестіру кезінде қолайлы фактор болып табылады, ал екінші жағынан — аз ғана қалдық аномалиялар (200–500 гамм) кондициялық руда нысандарымен байланысты болуы мүмкін.

Копоткин кенорнында қосымша ұңғымалар бұрғылау қажет — әрі Батыс, әрі Шығыс учаскелерде. Батыс учаскенің оңтүстік бөлігінде болжанып отырған қосымша руда массаларын растау үшін тереңдігі 700–800 м болатын 3 ұңғыманы бұрғылау ұсынылады. Шығыс учаскеде руда белдемін солтүстік және оңтүстік қанаттарында қадағалау мақсатында тереңдігі 300 м болатын бір-бір ұңғымадан бұрғылау қажет.

Жерүсті магнит барлау деректерін бұрғылау нәтижелерімен бірге қайта интерпретациялау нәтижесінде, руда белдемі оңтүстік-батысқа қарай еңістелген ықшам пішінді дене түрінде көрінеді. Рудалы дененің қалыңдығы 50–80 м, құлау бағыты бойынша ұзындығы 300 м. Рудалы көріністің болжамды қоры – 15 миллион тонна (Сурет-27).

Степной кен көрінісінде руда белдемін простирация және тереңдік бойымен қадағалау үшін аномалияның эпицентрлік бөлігінде тереңдігі 150 м болатын бір ұңғыма және оңтүстік-батыс қанатынан бұрғыланатын, тереңдігі 250 м болатын еңкіш ұңғыма бұрғылау қажет.



27-сурет – Степной аномалиясының қимасы
 1 – магнит өрісі аномалиясының бақыланған мәні, 2 – магнит өрісі
 аномалиясының жалпы мәні

ҚОРЫТЫНДЫ

Қарасор-Лисаков магниттік аномалиясының геологиялық және геофизикалық зерттеулері аймақтағы магнетит кендерінің перспективалық аймақтарын анықтауға мүмкіндік берді. Жүргізілген кешенді геофизикалық зерттеулер (магниттік барлау, магнит қабылдағыштық каротажы, селективті гамма-гамма каротаж, магниттік вариация әдісі және т.б.) кен денелерінің морфологиясын, олардың тереңдікке таралуын және магниттік қасиеттерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері:

- Қарасор-Лисаков аномалиясында темір кендерінің таралу аймақтары нақты анықталды.
- Магнит қабылдағыштық каротажы мен гамма-гамма каротаж әдістерін қолдану кен денелеріндегі темірдің мөлшерін болжауға мүмкіндік берді.
- Магниттік вариация әдісі Лисаков аномалиясының рудалық табиғатын растады және кенді объектілерді бұрғылау арқылы қосымша зерттеуге ұсынымдар берілді.
- Жүргізілген зерттеулер магниттік аномалиялардың табиғатын түсіндіруге, рудалы денелерді картаға түсіруге және олардың құрамындағы темір мөлшерін бағалауға септігін тигізді.

Осылайша, алынған нәтижелер Қарасор-Лисаков аймағындағы магнетит кендерінің болашағы бар екенін көрсетіп, Қазақстанның темір рудасы ресурстарын кеңейтуге маңызды үлес қоса алады. Бұл зерттеулер кенорындарын одан әрі барлау және игеру үшін негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Holmes, R. J., Lu, Y., & Lu, L. (2022). Introduction: Overview of the global iron ore industry. *Iron Ore*, 1-56.
- 2 Эрикссон, М., Лёф, А., & Лёф, О. (2021) 2019-2020 жылдардағы әлемдік темір рудасы нарығына шолу. *Тау-кен өнеркәсібі*, (1), 74-82.
- 3 Кряжева Т.В., Досетова Г.Ж., Шынбергенова К.Т., Максютин Л.А. "«Лисаков темір кендерін зерттеу».
- 4 Каскатаева К.Б., Кряжева Т.В., Садчиков А.В., Дьяконов В.В. «Лисаков кенорны рудаларының кешенді өңдеу мақсатындағы сипаттамасы»
- 5 Дымкин А.М., Щербак В.М. «Торғайдың негізгі темір кені белдеуінің кенорындарының геологиясы».
- 6 Дымкин А.М. «Торғай теміркенді белдеуіндегі контактылық-метасоматикалық темір кенорындары».
- 7 Щербак В.М. «Елтай-Қоржынкөл кенді ауданының магнетитті кенорындарының геологиялық-структуралық ерекшеліктері» .
- 8 Поротов Г.С., Веселов Е.В. «Кешенді магнетит кендерін зерттеу әдістемесі», 1974 ж.
- 9 Жұмабай Н.Ж., Есенгелдина А.Е. «Қарасор-Лисаков магниттік аномалиясы аймағында магнетитті кендерге перспективалы алаңдарды бөлу», 2025 ж.
- 10 Антонов Ю.В. «Мұғалжар мен Торғай ойысының магнетит пен хромит кенорындарының орналасу және пайда болу заңдылықтары.»
- 11 Иванов С.Н., Дымкин А.М. «Жайық сыртының темір рудасы формациялары. Торғай ойысының Орталық және Оңтүстік бөліктері», 1988 ж
- 12 Saidung S., Starostin V.I., Prokofiev V.Y. Қытайдағы Сишимен скарн темір кенорнындағы руда түзуші флюидтер // *Кенорындарының геологиясы*. – 2017. – Т. 59. – № 2. – Б. 176–182.
- 13 Трушко В.Л., Трушко О.В., Потемкин Д.А. Яковлево темір кенорнындағы кен өндіру жұмыстарының тұрақтылығын қамтамасыз ету // *Қолданбалы инженерлік зерттеулердің халықаралық журналы*. – 2016. – Т. 11. – № 18. – Б. 9248–9255.
- 14 Гарнит Х., Бухлел С. Жебель Анк (Оңтүстік Тунистік Атлас) кенорнының кеш эоцендік оолитті теміртастарының петрографиясы, минералогиясы және геохимиясы // *Кен геологиясына шолу*. – 2017. – Т. 84. – Б. 134–153.
- 15 Оолитті темір концентратын күйдіру және сілтілеу арқылы фосфорсыздандыру үдерісінде сипаттау / К. Ионков, С. Гайдарджиев, О. Гомес, Р. Нойманн, А. Корреа де Араужо // *IMPC 2016 – Минералдық шикізатты өңдеу бойынша 28-халықаралық конгресс. Конференция материалдары*. – Квебек, Канада: Канадалық тау-кен, металлургия және мұнай институты, 2016. – 116 б.
- 16 Кваст К. Оолитті темір кендерін сипаттау және өңдеу бойынша шолу // *Минералдық инженерия*. – 2018. – Т. 126. – Б. 89–100.

17 Потемкин Д.А., Попов М.Г., Трушко О.В. Яковлевский темір кенорнындағы тау-кен қазбаларының нақты тұрақтылығын зерттеу және талдау // ARPN инженерлік және қолданбалы ғылымдар журналы. – 2018. – Т. 13. – № 7. – Б. 2490–2499.

18 Каренов Р.С. (2016). Қазақстандағы қара металл нарығын қалыптастыру мәселелері. Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. Экономика сериясы, (4), 9–25.

Қосымша А
Каротаж деректері бойынша Қарасор - Лисаков кен ауданының жыныстары мен кендерінің физикалық қасиеттері

Жыныстың атауы	α, 10 ⁻³ /4 СИ				ρ, Ом*м				σ, г/см ³				J, мкр/сағ.		
	Өлшеу саны	Ең төменгі	Ең жоғары	Орташа	Өлшеу саны	Ең төменгі	Ең жоғары	Орташа	Өлшеу саны	Ең төменгі	Ең жоғары	Орташа	Өлшеу саны	фонное	Ең жоғары
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Диориттер, диоритті порфириттер	20	0	52	2,3	14	50	6600	1500	10	2,58	3,14	2,70	17	2	6
Диориттер, диоритті порфириттер (рудалы)	12	0	65	17	12	0	3200	660	4	2,69	3,36	2,80	17	2	6
Андезиттік порфириттер	13	0	32	2,35	11	400	3900	1920	7	2,62	2,80	2,69	5	2	6
Андезиттік порфириттер (рудалы)	8	2	38	14,4	8	150	950	690	4	2,70	3,06	2,76	5	2-3	6
Плагиоклазды, пироксен-плагиоклазды порфириттер	9	0	2,9	0,4	9	1400	4800	2590	9	2,57	2,74	2,68	8	2	6
Андезиттік порфирит туфтары	3	0,2	2	1,2	3	150	1250	550	-	-	-	-	12	2	9
Псаммитті, алевропсаммитті туф	7	0	2,5	0,8	7	600	4000	2170	-	-	-	-	4	2	5
Альбит, пренит метасоматиттері	10	0	30	3,4	10	720	4500	2180	10	2,64	2,82	2,70	6	1-2	4
Плагиигранит-порфирлер	10	0	10	0	10	230	4400	1230	2	2,63	2,72	2,66	10	12-19	21
Әктастар	10	0	30	0	5	100	4000	2530	-	-	-	-	7	3-5	35
Магнетит рудасы 20-30% 30-45% Более 45%														1-2	4
					10	10	550	188	3	3,0	3,42	3,17			
					10	1	220	660	6	3,27	4,00	3,58			
					6	0	150	18	3	4,10	4,36	4,20			

Қосымша Б
Химиялық талдау деректері бойынша кен қималарының қалыңдықтары мен тереңдіктерін КМВ нәтижелерімен салыстыру

№	Ұңғыма №	Химиялық талдаулар деректері бойынша				КМВ деректері бойынша			Қалыңдықтар бойынша айырмашылық (9-5)	Тереңдіктер бойынша айырмашылық (7-3)
		Интервал, м		Қалыңды к, м	Керн шығуы,	Интервал, м		Қалыңдық, м		
		бастап	дейін			бастап	дейін			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	50	508,2	517,3	9,1	95	505,6	514,3	8,7	-0,4	-2,6
2	52	508,6	529,8	21,2	93	507,0	531,8	24,8	3,6	-1,6
3	58	333,1	340,0	6,9	75	334,4	339,5	5,1	-1,8	1,3
4	28	285,0	311,4	26,4	84	285,0	309,8	24,8	-1,6	0,0
5	57	511,7	521,8	10,1	97	509,7	520,7	11,0	0,9	-2,0
6	59	266,8	272,2	5,4	100	266,8	272,2	5,4	0,0	0,0
7	59	279,3	292,1	12,8	100	279,3	292,5	13,2	0,4	0,0
8	59	310,0	331,4	21,4	100	310,0	331,8	21,8	0,4	0,0
9	59	341,5	367,6	26,1	99	342,6	367,6	25,0	-1,1	1,1
10	59	465,0	474,0	9,0	100	465,0	474,0	9,0	0,0	0,0
11	59	515,7	528,6	12,9	100	515,7	528,6	12,9	0,0	0,0
12	21	651,8	666,0	14,2	100	652,0	666,5	14,5	0,3	0,2
13	25	199,3	206,4	7,1	100	199,6	207,0	7,4	0,3	0,3
14	25	274,4	279,6	5,2	100	274,0	280,5	6,5	1,3	-0,4
15	25	499,7	504,7	5,0	100	499,2	504,9	5,7	0,7	-0,5
16	53	190,0	267,5	77,5	100	190,0	266,7	76,7	-0,8	0,0
17	53	291,4	312,8	21,4	97	293,8	313,7	19,9	-1,5	2,4
18	53	409,3	414,2	4,9	71	408,2	414,4	6,2	1,3	-1,1
19	53	422,0	428,5	6,5	80	420,5	426,2	5,7	-0,8	-1,5
20	53	484,7	497,7	13,0	72	484,4	494,5	10,1	-2,9	-0,3
21	60	213,3	221,0	7,7	84	213,3	221,0	7,7	0,0	0,0
22	60	303,2	316,8	13,6	100	303,8	316,8	13,0	-0,6	0,6
23	60	637,0	643,5	6,5	100	637,0	643,5	6,5	0,0	0,0
24	50-1	212,7	246,3	33,6	82	212,5	245,9	33,4	-0,2	-0,2
25	50-1	261,7	267,7	6,0	100	261,8	268,0	6,2	0,0	0,1
26	50-1	340,9	351,3	10,4	100	341,0	351,4	10,4	0,0	0,1
27	50-1	386,0	418,5	32,5	100	387,6	418,3	30,7	-1,8	1,6
28	50-1	426,5	438,4	11,9	100	426,5	438,0	11,5	-0,4	0,0
29	50-1	479,0	519,6	40,6	98	479,0	520,1	41,1	0,5	0,0

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕР ТІЗІМІ
Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлы
«Геофизика және сейсмология» кафедрасы

№	Жарияланым атауы	Жарияланым түрі	Шығыс деректері	Көлемі	Қосалқы автор
1	2	3	4	5	6
Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдардағы жарияланымдар					
1	ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА МАГНЕТИТТІ КЕНДЕРГЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРЫН БӨЛУ	Мақала	«Satbayev International Conference 2025: Инженерлік және өндірістік жүйелерде жасанды интеллект: процестерді оңтайландыру және автоматтандыру шешімдері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы	10 бет	А.Е. Есенгелдина К.С. Тогизов
2	THE NATURE OF THE KARASOR-LISAKOVSK MAGNETIC ANOMALY AND IDENTIFICATION OF PROMISING AREAS FOR MAGNETITE ORE DEPOSITS IN KAZAKHSTAN	Мақала	News NAS RK. Series of geology and technical sciences №4 (472), 2025. ISSN 2224-5278. ШЫҒАРЫЛЫМДА	15 бет	Б.Б. Амралинова, К.С. Тогизов, А. Нухұлы, А.Е. Есенгелдина

Автор

Ғылыми жетекші

«Геофизика және сейсмология»
кафедрасының меңгерушісі

 Жұмабай Н.Ж.

 Тогизов К.С.

 Ратов Б.Т.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

магистрлік диссертация бойынша
Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлы
7М07105-«Мұнай-газ және кен геофизикасы»

Тақырып: Қарасор - Лисаков магниттік аномалиясын геологиялық және геофизикалық әдістермен зерттеу және олардың негізінде магнетит кендерінің перспективалық аймақтарын анықтау

«Қарасор – Лисаков магниттік аномалиясын геологиялық және геофизикалық әдістермен зерттеу және олардың негізінде магнетит кендерінің перспективалық аймақтарын анықтау» тақырыбындағы магистрлік диссертация өзектілігі жоғары, практикалық маңызы бар ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

Жұмыста магистрант Қарасор – Лисаков ауданының геологиялық құрылысы мен геофизикалық өрістеріне кешенді талдау жасап, магниттік аномалиялардың табиғаты мен құрылымын анықтау мақсатында заманауи әдістерді тиімді қолдана білді. Геофизикалық мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялау барысында автор индукциялық магнитометрия, құрылымдық карталау әдістерін үйлестіре отырып, магнетит кендерінің болашағы бар аймақтарын ғылыми тұрғыдан негіздеді.

Магистрант зерттеу жұмысын орындау барысында ғылыми ізденіске бейімділігін, дербестігін, логикалық ойлау қабілетін және кәсіби білімін көрсетті. Жұмыс құрылымы талаптарға сай, материалдар жан-жақты талданған, картографиялық және иллюстрациялық мәліметтермен жақсы қамтамасыз етілген.

Осы магистрлік диссертация тақырыбы бойынша зерттеу жұмысы жүргізілген кезеңде:

- «Satbayev International Conference 2025: Инженерлік және өндірістік жүйелерде жасанды интеллект: процестерді оңтайландыру және автоматтандыру шешімдері» халықаралық ғылыми-практикалық журналына «Қарасор-Лисаков магниттік аномалиясы аймағында магнетитті кендерге перспективалы алаңдарын бөлу» тақырыбында мақала жарияланды.

Жалпы, диссертациялық жұмыс магистрлік біліктілікке қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді. Жұмыс нәтижелері болашақта өңірдегі пайдалы қазбаларды іздеу және барлау жұмыстарында қолдануға жарамды. Магистрант ғылыми-зерттеу жұмысын сәтті орындап шықты және оған 7М07105-«Мұнай-газ және кен геофизикасы» мамандығы бойынша техника және технологиялар магистрі академиялық дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Диссертациялық жұмысты «95%» бағалаймын.

Ғылыми жетекші

Профессор, PhD

 Тогизов К.С.
«23» маусым 2025 ж.

РЕЦЕНЗИЯ

магистрлік диссертацияға

Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлы
7M07105 – «Мұнай-газ және кен геофизикасы»

Тақырыбы: Қарасор - Лисаков магниттік аномалиясын геологиялық және геофизикалық әдістермен зерттеу және олардың негізінде магнетит кендерінің перспективалық аймақтарын анықтау

Орындалды:

- а) Графикалық бөлім 27 парақтарда
- б) түсіндірме жазба 79 беттерінде

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУЛЕР

1. Әдеби шолу бөлімінде кейбір халықаралық зерттеулер мен жаңа жарияланымдарға сілтеме жетіспейді. Ғылыми жаңалықты дәлелдеу үшін қазіргі заманғы аналогтық зерттеулермен салыстыру күшейтілсе, жұмыс құндылығы артар еді.
2. Картографиялық материалдарда кейбір шартты белгілердің түсіндірмесі жоқ немесе жеткіліксіз. Бұл – визуалды қабылдауға кедергі келтіреді. Болашақта оларды стандарттарға сәйкестендіріп беру ұсынылады.

Жұмысты бағалау

Магистрлік диссертация Қарасор – Лисаков аймағындағы ірі магниттік аномалияларды зерттеуге арналған, бұл өңір Қазақстанның минералдық-шикізат базасын дамыту тұрғысынан маңызды. Жұмыстың өзектілігі – магнетит кендерін анықтаудың заманауи әдістерін қолдану арқылы экономикалық тұрғыдан тиімді және ғылыми негізделген жаңа перспективалық учаскелерді белгілеуде жатыр.

Зерттеу барысында автор геологиялық құрылымға талдау жасап, магниттік барлау мен электрлік барлау әдістерінің нәтижелерін кешенді түрде қарастырып, аномалия сипатын, тереңдігін және морфологиясын анықтаған. Магнетит минерализациясының таралу заңдылықтары мен олардың геофизикалық өрістермен байланысы жан-жақты қарастырылған. Автор алынған деректер негізінде перспективалық учаскелерді бөліп, геологиялық-геофизикалық модельдер ұсынған. Жұмыста кешенді талдау әдістерін қолданудың ерекшеліктері көрініс тапқан. Зерттеуде зерттеліп отырған денелердің маңызды параметрлері жан-жақты талданып, нақты материалдар негізінде автор диссертация тақырыбының негізгі мазмұнын аша білді. Жұмыстың нәтижелері ғылыми конференция жинағында жарияланған. Рецензент жұмыстың тиісті деңгейде апробациядан өткенін атап өтеді.

Диссертация үлкен нақты материалдар негізінде жазылған және 7M07105 – «Мұнай-газ және кен геофизикасы» мамандығы бойынша магистрлік диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал Жұмабай Н.Ж. техника және технологиялар магистрі академиялық дәрежесін алуға лайық.

Диссертациялық жұмысқа «95» балл қойылады.

**Рецензент**
Қ.И.Сәтпаев ат. Геология ғылымдары институтының,
аға ғылыми қызметкері, PhD
Баратов Р.Т.
«23» 06 2025 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Жұмабай Нұрбакыт Жамбылұлы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Диссертация магистра наук

Название работы: 2025_маг_Жұмабай Нұрбакыт Жамбылұлы

Научный руководитель: Куаныш Тогизов

Коэффициент Подобия 1: 5.1

Коэффициент Подобия 2: 5

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 15

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☐ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

2025-06-20

Дата

14.06.25

Заведующий кафедрой



**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлы

Тақырыбы: 2025_mag_Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлы

Жетекшісі: Қуаныш Тогизов

1-ұқсастық коэффициенті (30): 5.1

2-ұқсастық коэффициенті (5): 5

Дәйексөз (35): 0.3

Әріптерді ауыстыру: 15

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 0

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☐ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

2025-06-20

Күні

24.06.25

Кафедра меңгерушісі



Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Диссертация магистра наук

Название работы: 2025_маг_Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлы

Научный руководитель: Куаныш Тогизов

Коэффициент Подобия 1: 5.1

Коэффициент Подобия 2: 5

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 15

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☐ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование: *Доступ к защите*

2025-06-20

Дата *24.06.2025*

Арайлым Жәңгірханова



проверяющий эксперт



Отчет подобия

Метаданные

Название организации

Satbayev University

Название

2025_mag_Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлы

Автор

Научный руководитель / Эксперт

Жұмабай Нұрбақыт Жамбылұлы Куаныш Тоғизов

Подразделение

ИГИНГД

Объем найденных подоби

КП-ия определяют, какой процент текста по отношению к общему объему текста был найден в различных источниках. Обратите внимание! Высокие значения коэффициентов не означают плагиат. Отчет должен быть проанализирован экспертом.



25
Длина фразы для коэффициента подоби 2



12820
Количество слов



103815
Количество символов

Тревога

В этом разделе вы найдете информацию, касающуюся текстовых искажений. Эти искажения в тексте могут говорить о ВОЗМОЖНЫХ манипуляциях в тексте. Искажения в тексте могут носить преднамеренный характер, но чаще, характер технических ошибок при конвертации документа и его сохранении, поэтому мы рекомендуем вам подходить к анализу этого модуля со всей долей ответственности. В случае возникновения вопросов, просим обращаться в нашу службу поддержки.

Замена букв		15
Интервалы		0
Микропробелы		0
Белые знаки		0
Парафразы (SmartMarks)		27

Подобия по списку источников

Ниже представлен список источников. В этом списке представлены источники из различных баз данных. Цвет текста означает в каком источнике он был найден. Эти источники и значения Коэффициента Подобия не отражают прямого плагиата. Необходимо открыть каждый источник и проанализировать содержание и правильность оформления источника.

10 самых длинных фраз

Цвет текста

ПОРЯДКОВЫЙ НОМЕР	НАЗВАНИЕ И АДРЕС ИСТОЧНИКА URL (НАЗВАНИЕ БАЗЫ)	КОЛИЧЕСТВО ИДЕНТИЧНЫХ СЛОВ (ФРАГМЕНТОВ)
1	ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА МАГНЕТИТТІ КЕҢДЕРГЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРЫН БӨЛУ 3/17/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	174 1.36 %

2	ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА МАГНЕТИТТІ КЕҢДЕРГЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРЫН БӨЛУ 3/17/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	141 1.10 %	
3	ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА МАГНЕТИТТІ КЕҢДЕРГЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРЫН БӨЛУ 3/17/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	80 0.62 %	
4	ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА МАГНЕТИТТІ КЕҢДЕРГЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРЫН БӨЛУ 3/17/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	73 0.57 %	
5	2025_mag_зимники_Туғанбай Нұрмұхамед 1/22/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	71 0.55 %	
6	ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА МАГНЕТИТТІ КЕҢДЕРГЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРЫН БӨЛУ 3/17/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	58 0.45 %	
7	ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА МАГНЕТИТТІ КЕҢДЕРГЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРЫН БӨЛУ 3/17/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	57 0.44 %	
8	ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА МАГНЕТИТТІ КЕҢДЕРГЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРЫН БӨЛУ 3/17/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	55 0.43 %	
9	ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА МАГНЕТИТТІ КЕҢДЕРГЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРЫН БӨЛУ 3/17/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	55 0.43 %	
10	ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА МАГНЕТИТТІ КЕҢДЕРГЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРЫН БӨЛУ 3/17/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	43 0.34 %	

из базы данных RefBooks (0.00 %)

ПОРЯДКОВЫЙ НОМЕР	НАЗВАНИЕ	КОЛИЧЕСТВО ИДЕНТИЧНЫХ СЛОВ (ФРАГМЕНТОВ)	
------------------	----------	---	--

из домашней базы данных (6.98 %)

ПОРЯДКОВЫЙ НОМЕР	НАЗВАНИЕ	КОЛИЧЕСТВО ИДЕНТИЧНЫХ СЛОВ (ФРАГМЕНТОВ)	
1	ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА МАГНЕТИТТІ КЕҢДЕРГЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРЫН БӨЛУ 3/17/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	824 (12) 6.43 %	
2	2025_mag_зимники_Туғанбай Нұрмұхамед 1/22/2025 Satbayev University (ИГИНГД)	71 (1) 0.55 %	

из программы обмена базами данных (0.00 %)

ПОРЯДКОВЫЙ НОМЕР	НАЗВАНИЕ	КОЛИЧЕСТВО ИДЕНТИЧНЫХ СЛОВ (ФРАГМЕНТОВ)	
------------------	----------	---	--



ПОРЯДКОВЫЙ НОМЕР	ИСТОЧНИК URL	КОЛИЧЕСТВО ИДЕНТИЧНЫХ СЛОВ (ФРАГМЕНТОВ)	
------------------	--------------	---	--

Список принятых фрагментов

ПОРЯДКОВЫЙ НОМЕР	СОДЕРЖАНИЕ	КОЛИЧЕСТВО ИДЕНТИЧНЫХ СЛОВ (ФРАГМЕНТОВ)
2025_mag_зимники_Туғанбай Нұрмұхамед		71 (0.55%)
1	1.Зерттеу учаскесінің геологиялық-геофизикалық зерттелу жағдайын бағалау. Жұмы...	71 (0.55%)
ҚАРАСОР-ЛИСАКОВ МАГНИТТІК АНОМАЛИЯСЫ АЙМАҒЫНДА М...		168 (1.31%)
1	Зерттеу объектісі қарасора Лисаков магниттік аномалиясы. Мұндағы ірі нысандард...	55 (0.43%)
2	әдісі (КМВ) жасанды айнымалы магнит өрісін зерттеуге негізделген, оның ЭҚК мән...	37 (0.29%)
3	КМВ интерпретациялау кезінде Қарасор аномалиясының рудалары үшін жалпы және ма...	43 (0.34%)
4	ГТК-с әдісінің нәтижелерін интерпретациялау ұңғыма учаскесіндегі магнетитті, с...	33 (0.26%)